Жаркент Айнасы

№18 (62),
18 қазан,
дүйсенбі, 2021 жыл,
jar-aina@mail.ru

Қоғамдық-саяси, ақпараттық-экономикалық, тарихи-танымдық газет

«ТАҒЫ САЙЛАУ ТАҒЫ БАР, СТАМШАЛДЫҢ БАҒЫ БАР»

Биылғы жаздың аптап ыстығы әлі қайта қоймаған қыркүйек айының басы. Бұрыннан таныс Сәбит бауырымының қолқалауымен, «Істің басы сенбі» деп ғибратты сөзде айтылғандай қыркүйектің алғашқы сенбісінде түс ауа Алтыүй ауылындағы сексеннің сеңгіріне шыққан Оралұлы Сламжан атамыздың қақпасын қақтық. Алдымыздан жарқылдай қарсы алған атамыз, бірден үйге бастады. Келгендегі негізгі шаруамыз бүкіл Суан елі ардақтаған, есім сойы қала берді бүкіл Жетісуға мәшһүр болған, өз заманының сұңғыла тұлғасы Стамшал Тұрлыбайұлы туралы шағын мақала жазу. Төргі бөлмедегі диванға жайғастық, көп сөзбай-ақ атамыз әңгімесін бастап та кетті...

«Менің түсінігімше, бабамыз Мырзагелді Мәмбет үш әйел алған. Бірінші әйелі Мақпал бәйбішеден – Жарылқап, Бердібай, Сердібай, Сүттібай, Құттыбай бес бала тарайды. Ол анамыз ақылдылығы мен сабырлылығы бір бойына жарасқан сондай жақсы адам екен, сол үшін де ат тұяғы жетер аймаққа осы анамыздың аты шығып кеткен. Себебі, Мырзагелдінің Мәмбет атасының ұрпақтарының көбі аталмыш Мақпал анамыздан өрбиді.

Бұрынғы Қызылеспе, қазіргі атауы Еңбекші ауылынан тіке оңтүстікке тартсаңыз, көп емес бір шақырымдай жерде «Мақпал арық» деген кішігірім тоған бар. Шаруаға пысық Мақпал шешеміздің бұл су жүйесін өзінің балаларына қаздыруы мал шаруашылығымен қоса егіншілікпен де айналысуларына ықпал етіп, бағыт-бағдар беріп отырғандығын айғақтайды. Міне, сол арықтан күні бүгінге дейін су алатын диқаншылар өздерінің жекеменшік жер телімдерін суғарып, елі құрметтеген аяулы анамыздың жақсылығының шапағатын әлі де көріп келеді.

Ел ішінде жиі айтылатын «Басқаның үйіне қонғанша, Мақпалдың жұртына қон» деген мақал да осынау анамыздың ерекше қасиетіне байланысты таралған болуы керек. Ол кісінің әрдайым көшкен жұртқа үш-төрт адам қарны тоятын тамақ тастап кететін елден ерек әдеті болыпты. Кез-келген түзде жүрген жолаушы шаршап келгенде әлгі астан құрсағын тойдырып, әлденіп, әрі қарай Мақпал анамызға шын ықыласпен сырттай болса да ризашылығының белгісі ретінде ақ батасын тілеп, алғысын жаудырып аттанатын болған.

Ал, екінші анамыздың аты – Қарлығаш. Ол кісіден – Байсары, Тарыбай, Жамансары атты үш бала туған. Үшінші анамыз «Желкілдектің жетеуі» деген, тоқалы ғой, одан – Байсал, Сары, Шыныбай, Қыныбай, Боқанбай, Байдәлі, Бердәлі жетеуі. Енді осы бір атадан тараған он екі бала – Ерназар болып бөлінеміз да, Байсары, Тарыбай, Жамансары – Құлназар болып бөлінеді. Жамансарыдан – Бесшал, Есқара, Шотқара. Бесшалдан – Қарқабат, Төре, Төпе. Төпенің ұрпағы – Алаштың ардақтысы болған ақын Оразақын Асқар. Оразақыннан екі қыз, бір ұл. Қарқабат екі әйел алған кісі.

Қашанда қазақ бар жерде «жер дауы мен жесір дауы» қатар жүрген. Сол үшін де жер бөлінісі жағына келсек, Патшалық Ресей тұсындағы генерал-губернатор басқарған заманда, сол ұлық Албан, Суан мен Жалайырдың барлық болыстарын жинап алған соң, бірінші болыс атамызды шақырып алып:

– Тұрлыбаев бірінші сен ал!, – дейді екен.

Бүкіл Жетісудың игі-жақсыларының алдында мерейі өсіп тұрған болыс атамыз да аянып қалмаған көрінеді. Сөйтіп, Стамшал болыс Үсек өзенінен ары батысқа қарай Сатының суына дейінгі жерді бірақ алған ғой. Ал, Сатының суы сарқыраған күйде Көксуға барып құяды. Енді сол өңірден бері қарай – Үлкен Көксай, Кіші Көксай, Кіші Ерменді, Үлкен Ерменді, Қайыңды, Шымбұлақ, Ордың бұлағы т.б. қысқаша айтқанда біздің Бес мұраттың жерлері ғой. Руларға келсек: Орыс *(Егізек)*, Әпсүгір, Қараменде, Қарабек, Шегірек.

Ал, одан былайғы Белден бергі жерлер, нақтылап айтсақ, Ақсудың суынан бері асқаннан кейінгі Аяқсазға дейінгі аумаққа Мырзагелдінің жеті баласын қатар-қатар қоныстандырған. Ол кісі осыншама аумақты бақылауда ұстап, өзі жеке «шарлаушы» ұстаған, қазіргі біздің тілмен айтқанда – орманшы. Себебі, Стамшал болыстықтан бұрын Жаркент уезінің орман шаруашылығында орманшы болып жұмыс жасаған деген деректер бар. Одан кейінгі жылдары елубасы, жүзбасы, ауыл старшыны болып қызмет еткен. Бойына біткен зеректігі мен жылдар бойғы жиналған тәжірибе, шаруашылықтың қыр-сырын жетік меңгеруі мен ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында, шамамен сол 40-тан асқан шағында болыстық лауазымға сайланған болуы керек. Мұқым Тоғарыстанға билік айтып, ел басқарып тұрған жылдары да Стамшал атамыз айнала қоршаған орта мен табиғатқа үлкен жанашырлық танытқан кісі.

(Жалғасы 4-5 бетте)

Биыл – Алаш баласын шексіз қуанышқа бөлеген, арманымызды ақиқат еткен, іргелі ел, дербес мемлекет екенімізді әлемге жария қылған Тәуелсіздігіміздің ордалы 30 жылдығы. Осы уақыт аралығында Қазақстан әлемде жеке дара дербес ел екенін дәлелдей білді. Өзінің белгіленген шекарасы, діні мен тілі, мемлекеттік рәміздері мен ұлттық құндылықтары, мәдениеті мен салт-дәстүрі бар тәуелсіз зайырлы елге айналды. Тәуелсіздік – біздің ұрпаққа берілген үлкен бақыт, ол халқымыздың мәңгілік құндылығы, баға жетпес байлығы. Біз бүгінге дейінгі барлық жетістіктерімізге тәуелсіздіктің арқасында қол жеткіздік, нәтижесінде еліміз әлемнің өркениетті мемлекеттерінің қатарына қосылды.

КІТАПХАНА – ТАСҚА ҚАШАЛҒАН ТАРИХЫМЫЗ

Тәуелсіздігіміздің 30 жылдық мерейтойы қарсаңында ғасырға жуық тарихы бар рухани ордамыз Панфилов аудандық кітапханасына 95 жыл толып отыр.

Мерейтой – өткенге көз жүгіртіп, қорытынды шығарып, өз тарихыңды еске түсіретін уақыт. Әр кітапхананың өз тарихы, жеке өмірбаяны, мақсаты бар және әр кезеңде кітапханашылар оның шежіресіне жаңа беттер қосуда. Мұрағат құжаттарына сүйенсек аудандық кітапхананың құрылу тарихы тым тереңде жатыр. 1926 жылы мамырда Жаркент уезіндегі ауыл шаруашылығы бөлімінде кітап оқырмандарының оқу үйі ашылады, кейіннен оның кітаптары Жаркент қаласындағы кітапханаға өткізіліп, 1930 жылы оған аудандық кітапхана атауы берілді. 95 жылда тарихтың айтулы оқиғаларын бастан кешірді: мемлекет өзгерді, дәуір өзгерді, оқырмандар мен кітапханашылар легі өзгерді, кітаптар мазмұны бірнеше рет өзгерді. Ал орталық аудандық кітапхана осы жылдар бойы кітапты жақсы көретін, қарым-қатынастарды бағалайтын, шығармашыл адамдарды өзіне тартты және тартуын жалғастыруда.

1975 жылы Жаркент кітапханасы аудандық мәдениет үйінің ғимаратына көшірілді. Келіп жатқан жаңа кітаптармен толыға отырып, 1978 жылы 26000 дана томды қамтып, оқырмандары 736 адамды құрады.

1979 жыл аудандық кітапхана бір орталыққа бағындырылған оқырманға қызмет көрсету бөлімінің қайта құрылуына байланысты әдістемелік орталыққа айналды, ауылдағы кітапханаларының бөлімшелері саны 50-ге жетті.

1990 жылдар кітапхана қызметкерлерінің есінде ауыр жылдар ретінде қалды. Еліміз егемендік алып, нарықтық экономиканың қыспағына түскен жылдары мәдени ошақтардың қысқартылуынан кейбір ауылдық кітапханалар жабылып, аудандық кітапхана мен балалар кітапханасы ғана қалды. Кеңес үкіметінің құлауы саяси және экономикалық дамуы түбегейлі өзгертті. Бұл кітапхана қызметінің дамуына әсер етті. Қаржыландырудың жетіспеушілігінен, әдебиет пен мерзімді басылымдар құнының үнемі көтеріліп отыруына байланысты кітапхана қорын толықтыру қызметі қиыншылыққа ұшырады.

(Жалғасы 2-бетте)

ЖЕРІҢ БАЙ МА, ЖАРКЕНТ?

Қазіргі жер бедерінің қалыптасуы тарихи екі кезеңнен тұрады. Бұлар ескі мезазой және полеоген, жаңа неоген төрттік кезең. Палезойға дейінгі уақытта аудан территориясын түгелдей дерлік теңіз басып жатқан. Девон, девон - карбон гранит массивтерінің белдеуі Жетісу – Балқаш қатпарлы жүйесінің ең ірі синклинорийлерін сыртқы жақтан жиектеген. Каледон тау түзілісі кезінде теңіз суы бірте – бірте тартылып, құрлық көлемі ұлғайды.

Герциндік геотектоникалық даму кезінде Жетісу Алатауы көтерілген мезазой эрасындағы геотектоникалық қозғалыстардың әсерінен Қазақстанның басқа тау жүйелерімен бірге Жетісу Алатауы да бұзылып, шоқыларға айналған. Неоген кезеңінде жер бедерінің қалыптасуы одан әрі жалғасты. Ескі тау жүйелері бұзылып, жазық өңірлерге айналған. Солтүстік шығыстағы қазіргі таулы өңірде жер бетінің болымсыз көтерілуі мен төмендеуі байқалған. Тау аралық жоталар пайда болып, жекелеген тау жоталары көтерілген. Ол өңірлерде қыраттар ажырап, аңғарларға тілімделген.

Жетісу Алатауы айқындалып, тау бөлшектері керісінше төмендеп, тау аралық ойыстар пайда болған. Сонымен бірге көптеген өзен аңғарлары қалыптасқан. Таулар қарқындап көтерілген сайын су тасқынының тілімденуіне ұшыраған, құм тастақты материалдар төмендегі тау бөктерлері алды жазығының тау аралық ойыстарына ығыстырылған. Түрлі аймақтарда көтерілу және төмендеу қарқынының әр қилы болуынан және қыртысындағы ескі жарылыстар басқаша пішінде жаңарған, көптеген жаңа жарылыстар пайда болған. Бұған Жетісу және Іле Алатауының баспалдақтары сай келеді.

Төрттік кезеңге солтүстік шығыста мезгіл – мезгіл қарқындап көтерілулер қайталанған және неогеннің шөгінділерінде үлкен қоймаңдай тас сияқты жыныстар кездеспесе төрттік кезеңнің басында Жетісу таулары өңірінде үлкен аймақты қоймаңдай тасты, малта тасты қабаттар кездесе бастаған. Іле Алатауының етегіне дейін созылып жатқан Іле көлінің жалғасы жарылып қазан шұңқырлары Қапшағай шатқалы арқылы бөлініп, қазіргі Іле өзенінің төменгі арнасы пайда болған.

Кайнозой эрасының неоген дәуірінде, альпілік тау түзілісі кезінде күшті жарылулар болып қатпарлы аймақтардың бірі төмендеп, екіншісі көтеріліп, қатпарлы – жақпарлы биік таулы жүйелер қалыптасты. Сөйтіп, Жетісу Алатауы екінші рет көтерілді.

Ауданның территориясы кайнозой эрасының басында біржолата құрлыққа айналған. Жер бедері негізінен жазық болып келеді, кей жерлерінде ғана шағын таулар мен шоқылар қалыптасқан. Мұнда палеоген кезеңінде (шамамен бұдан 50 млн. жыл бұрын) тіршілік еткен жануарлардың сүйектері сақталған. Ақтау палеонтологиялық қазба орны бар. Жердің беті бұрынғы деңгейінен көтерілгенде ауаның орташа температурасы әр 100 м сайын 0,6 градусқа төмендейді. Дегенмен, таудан төмендеген сайын етегіндегі аймақтарда күн әлі жылы, жайма - шуақ болып, өзендер ағып жатты. Тау беткейлері мен етектерінде қалың орман - тоғайлар жайқала өсіп, жан - жануарлар мекен етті. Эоплейстоцен кезеңінде (осыдан 1,65 - 0,8 миллион жыл бұрын) басын мұз құрсаған биік таулар көбейе бастады. Жетісу Алатауы басындағы биік шыңдардағы қар мұзға айналды. Олардың салқыны беткейлеріне жеткенімен, етегіндегі және жазықтардағы орман – тоғайларды мекендеген жан-жануарларға әсерін тигізе қойған жоқ.

Соңғы төрттік кезеңінде (200–10 мың жылдар аралығы) геологияда елеулі тектоникалық өзгерістермен белгілі. Жетісу тектоникалық фазасының белсенділігінің нәтижесінде таулар өсіп, жер бедері негізінен қазіргі кейіпке өте жақын келді. Күннің жылынуына байланысты далалардағы тоң жібіп, таулардың басындағы қар мен мұз еріп, өзендердің суы молайды. Жаңа ірі өзендер арнасы артты. Жетісу Алатауынан көлденең аққан өзендер Жетісудың басты су артериясы Іле өзенін құрады. Қатты тасқындар тау шатқалдары мен беткейлерін бұзып, шайып, мүжіп, соның салдарынан етектерде малтатастар мен құмның конус формалары жаңа шөгінділер құрады. Ойпаттарға толған сулардан осы кезеңде Балқаш көлі пайда болды.

Голоцен кезеңінің басында жер бедері қазіргі кездегідей болғанымен, таулардың биіктігі қазіргі деңгейінен 300 - 500 метрдей төмен еді, жазықтар айтарлықтай өзгеріске ұшыраған жоқ. Экологиялық орта елеулі өзгерді, ірі сүтқоректілер түгелімен жойылып, өсімдіктер мен жануарлардың қазіргі түрлері пайда болды. Біздің дәуірімізге дейінгі уақыт аралығында ауа райы үш рет суытып, үш дүркін қайта жылынды. Адамдар табиғатқа тікелей тәуелді болудан арыла бастады, олар табиғаттың дайын баспаналары үңгірлерден шығып, өздеріне қажетті баспана мен киім дайындауды үйренді. Малды қолға үйретіп, өндірістік мәдениетті игерді.

Бұл өңірде тау жасалу процесі әлі тоқталған жоқ. Оған жер сілкінулер, таулардың бұзылуы дәлел бола алады. Жер бедері әлі даму үстінде. Жер бедерінің теңіз деңгейінен биіктігі әртүрлі. Соған сәйкес аудан жерін төрт түрлі аймаққа бөлеміз. Олар таулы аймақ, тау етегінен басталатын жазық аймақ. Бұл аймақтардың әрқайсысының өзіндік табиғи – климаттық ерекшеліктері бар. Олардың топырақ құрамы да, өсімдіктері де, жер бедері де әрқилы, ауа райы мен климаттық жағдайлары да бір – бірінен өзгеше. Жетісу Алатауының орташа абсолюттік биіктігі 1300 – 2800 м-ге дейін жетеді. Ұзындығы батыстан шығысқа қарай 450 км-ге созылады, ені 100-250 км. Шығыс бөлігі Қытай жеріне өтеді. Бүкіл Жетісу жүйесіндегі биік Бесбақан шыңы 4464 м. Көксу өзенінің басталар жеріндегі Көкжота тауында. Жетісудағы барлық мұздықтар саны - 424. Ауданның солтүстік бөлігімен оңтүстік бөлігі шектесетін орта тұсы теңіз деңгейінен 600 м-ден 1000 м-ге дейін. Осы бір ала – құла тастақ бұйраттар, бірте – бірте аласарып барып Іле өзенінің бойындағы кең де, жазық алқапқа ұласады. Іле ойысының ұзындығы Қазақстан жерінде шамамен 250 км, ені 120 км. Негізінен қалың борпылдақ шөгінділерге толған. Іле өзенінің солтүстік жағалауында құмды, құм төбешікті рельеф қалыптасқан.

Жер бедерінің геологиялық даму тарихына байланысты, аудан жерінде табиғи қазбалардың көптеген түрлері бар. Сұлушоқы тауынан 4 км қашықтықта Козун мыс кені, Іле өзенінен солтүстікке қарай 9 км қашықтықта Майлыбайсай темір кені, Көктал ауылынан 40 км қашықтықта Бархон шатқалында гранит, 20 км қашықтықтағы Қоңырөлең шатқалында алебастр кездеседі. Полиметалл кентастары Үлкен Өсек, алтын, күміс Шығыс Қат, Сорқара, Сенім, көмір кені Тыңқы, Тышқан, Бұрқан, Сұлубақанда және Іле өзенінің солтүстік жағында қоңыр көмір бар. Барланған мұнай кен орны – Құндыздыда. Нарын өзені шатқалында, Шежін және Қорғас өзенін бойлай шашыранды алтын кені бар екендігі анықталған. Құрылыс материалдары гипс, кварц құмы – Айдарлының оңтүстік – батысына шоғырланған. Ауданда құм-шағылдардың мөлшері ұшан-теңіз деуге болады. Жаркент артезиан алабында термальды су көздері бар.

Қанипа УСПАНОВА,
Ә. Қастеев атындағы орта мектептің география пәні мұғалімі. Алтыүй ауылы.

(Басы 1-бетте)

КІТАПХАНА – ТАСҚА ҚАШАЛҒАН ТАРИХЫМЫЗ

Орталықтандырылған кітапханалар жүйесі таратылып, штат бірліктерін қысқарту басталды, кітапханада небәрі 5 адам қызмет етті. Кітапханаларды дамытуға қаржы бөлінбеді, саны 4 есеге азайды. Еліміздегі кітапханалар санының азаюы кітапхана мамандарының санының азаюына, жаппай жұмыссыздыққа ұшырағандар санының көбеюіне ықпал етті. Кітапхана мамандарының 100 пайызы әйел – аналар болғандықтан отбасына да әсерін тигізбей қоймады. Қиындыққа қарамастан біздің кітапханашылар кітап қорын сақтап қалу үшін суық ғимараттарда жұмыстарын жалақысыз жалғастырып отырды. Ұлттың кемелденуі үшін еңбек етіп, небір өнегелі, тағылымды іс-шараларды ұйымдастырып, адамзат тәрбиесіне үлес қосып жүрген кітапханашылар қызметі шын мәнінде зор құрметке лайық.

Кітапхана тек кітап оқитын, білім іздейтін орын ғана емес, бұл – түрлі тағылымды кездесулер, кітап таныстырылымы, тұсаукесерлер өтетін, тарихтың көне көмбелерімен, жарқын болашақтың өрісімен қауыштыратын рухани орда, құтты мекен. Әлемнің дамыған озық мемлекеттерінің ешбірінде кітапханалар дамып, көркеймесе, көбеймесе, жабылып жатқаны жоқ. Өйткені кітапхана сирек қолжазбаларды, тарихтың тағылымды, маңызды, тіпті елеусіз сәттерінің барлығын тасқа жазып, тарих қойнауына тапсырып, келешек ұрпаққа табыстап отыратын бірден-бір рухани орда. Мұнда ғаламтордан таба алмайтын, авторлық құқығы қорғалған сирек кездесетін кітаптардың өзі ғасырды ғасырға жалғап сақталып тұрады. Аудандық кітапхананың алтын қорында сонау 1809 жылы Санкт-Петербург қаласында жарық көрген авторы Ф.А.Брокгаузердің энциклопедиялық сөздіктері, 1884 жылы Макаров баспасынан жарық көрген Француз – орыс сөздіктері, 1935 жылы Академия баспасынан жарық көрген М.Ю.Лермонтовтың шығармалар жинағы, 1936 жылы СОЦЭКГИЗ баспасынан шыққан Аристотель, 1945 жылы «Печатный Двор» баспасынан шыққан «История дипломатии», 1956 жылы «Издательство академии наук КазССР» баспасынан шыққан Абылхан Кастеев кітаптары біздің сирек қорымызда сақталған. Ал осының барлығын сіз интернеттен таба алар ма едіңіз? Жоқ! Өйткені электронды жүйе суға түскен із сияқты. Бүгін бар дүниенің бірнеше ғасырдан кейінгі ұрпаққа сол қалпында жететіндігіне ешкім кепілдік бермейді.

Бүгінгі күні жас ұрпаққа берілер білім мен тәрбиенің өз мәнінде сапалы болуы үшін өркениетке жетелейтін жалғыз жол – кітап пен кітапхана. Осыған орай еліміздегі бірден-бір рухани орда – кітапханалар қайта жұмыс істей бастады.

Мәдениет саласына мемелекет тарапынан көңіл бөліне бастағандықтан 2007-2008 жылдары штаттық бірліктер беріліп, оған арнайы кітапханашы мамандығы бар қызметкерлер алынып, 1 аудандық, 1 балалар, 1 қалалық, 23 ауылдық кітапхана халыққа лайықты қызмет көрсетуде.

Қазіргі таңда ауданда мемлекеттік жүйеде жұмыс істейтін 26 кітапхана 129 974 тұрғынға қызмет көрсетіп отыр. Жыл сайын молыға түскен аудандық кітапхананың кітап қоры 325 952 данаға жуықтады. Бүгінгі күнде аудан бойынша 36 компьютер, 6 интернет, 8 кітапхана КАБИС, аудандық кітапхана Веб РАБИС бағдарламасымен оқырманға қызмет көрсетуде.

Еліміздің Тәуелсіздігінің арқасында кітап қоры ай сайын Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы, Алматы облысы әкімінің қолдауымен жарық көрген құнды кітаптармен толығуда. Сондай-ақ оқырмандардың ақпараттық сұранысын толық қанағаттандыру үшін мерзімді басылымдар қоры да жинақталған.

Панфилов аудандық кітапханасы Алматы облысы кітапханаларының жұмыс қорытындысы бойынша 19 аудан арасында 2004-2005 жылдары ІІ-ші, ІІІ-ші орындарға ие болды. Ал, 2008 жылы Головацкий үлгілі ауылдық кітапханасы ауылдық кітапханалардың жұмысының қортындысының нәтижесі бойынша С.Сейфуллин атындағы Алматы облыстық әмбебап кітапханасының ІІІ дәрежелі дипломымен марапатталды. Ал аудандық кітапхана 2015 жылы «Өлкенің танымал тұлғалары» атты облыстық үздік библиографиялық көрсеткіш құрастырып шығарғаны үшін ІІ дәрежелі дипломмен марапатталды. Астананың 20 жылдығына арналған «Үздік кітап көрме-инсталляциясы» облыстық байқауда Панфилов аудандық кітапханасы бас жүлдені иеленді. «Рухани қазына – 2019» республикалық байқауға Көктал ауылдық кітапханасы қатысып, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрі А.Мұхамадиұлының «Алғыс хатымен» марапатталды.

Кітапхананың 95 жылдық тарихының қалыптасуына асыл мұраларымызды көздің қарашығындай сақтап, халыққа қызмет еткен, білімділік көрсеткен қызметкерлердің еңбектері еленіп 2015 жылы Көктал ауылдық кітапханасының кітапханашысы А.Есебаева «Мәдениет саласының үздігі», ал балалар кітапханасының меңгерушісі Г.Ибраимова «Кітапхана ісінің үздігі», 2018 жылы кітапхана директоры Д.Султанбекова «Кітапхана ісінің үздігі» төсбелгісімен марапатталды. 2018 жылы Мәдениет және өнер қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне орай өткізілген салтанатты жиында облыс әкімі А.Ғ.Баталовтың қолынан «Үздік мәдениет қызметкері» номинациясын кітап қорын сақтау бөлімінің меңгерушісі Н.Антипова алды, 2019 жылы мұндай «Үздік мәдениет қызметкері» сертификатын балалар кітапханасының меңгерушісі Г.Ибраимова иеленді. 2019 жылы аудандық кітапхананың әдіскері болып 30 жылдай қызмет істеген М.Насырбекова «Кітапхана ісінің ардагері» және Үшарал ауылдық кітапханасының кітапханашысы К.Сайдахметова «Кітапхана ісінің шебері», балалар кітапханасының кітапханашысы Ш.Құдайқұлова «Еңбек даңқы» төс белгілерімен марапатталды.

2020 жылы ұзақ жылдар аудандық кітапханада оқырманға қызмет көрсету бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарған Х.Иминова «Еңбек даңқы», аудандық кітапхананың әдіскері Б.Нурумова «Халық құрметі» және Сарытөбе ауылдық кітапханасының кітапханашысы Н.Есқожаева «Кітапхана ісінің ардагері», кітапхана директоры Д.Султанбекова «Қазақстанның құрметті кітапханашысы» төсбелгілерімен марапатталса, «Үздік мәдениет қызметкері» номинациясын балалар кітапханасының кітапханашысы Ш.Құдайқұлова иеленді.

Бүгінде 95 жылдан астам тарихы бар аудандық кітапхана осындай жетістіктерімен оқырмандарына қызмет етуде. Мәдениетіміздің мұрасы кітаптарды келешек ұрпақтарға мәдени – тарихи мұра ретінде насихаттайтын тың ақпаратпен қамтамасыз ететін орталық боларына сенімдіміз.

Кітапхананың тіршілігіне жан беретін кітапханашылар. Кітапхана – тасқа басылған тарихымыз, қатталған қазынамыз, терең тарихымызды, тамырымызды танып білер рухани ошағымыз. Адамзат том-том кітапты тауыспаса да, білім атты бұлақтың бір тамшысын таңдайына татырса да жанына демеу, ойына сүйек. Руханияттың дамуына жас жалын білек сыбана кіріссе рухы мықты халық болып, келешегіміз одан әрі кемелденері сөзсіз. Осы рухани ошағымызда қызмет етіп отырған барша әріптестерімді 15 қазан кітапханашылар күнімен шын жүректен құттықтаймын! Осынау киелі орда, құтхана – кітапханаларымыздың торқалы тойы құтты болсын! Кітап сүйер оқырмандарымыз көп болсын!

Тірегіміз – тәуелсіздік, тілегіміз – тұрақтылық, білегіміз – бірлік болып, халқымыздың еңсесі жоғары, егемендігіміз ғұмырлы болғай деп ниет білдіргім келеді.

Д.СУЛТАНБЕКОВА,
«Панфилов ауданы әкімінің аудандық кітапханасы» ММ-нің директоры.

АЙТЫСТЫҢ АҚ ТАРЛАНЫ ЕДІ

Төл өнеріміздің тарихын ел ішінде әр кезде өмір сүрген тарлан талантары арқылы танитынымыз ақиқат. Бір кезеңдерде қазақтың айтыс өнері бұйығы күй кешіп, баяулап қалған тұстары да болған. Дегенмен ауылдағы той-думанда бірер ауыз өлең сөзбен болса да айтысып, көңіл көтерген қайран ел оны өлтірмей бүгінгі үлкен сахнаға жеткізді. Сонау өткен ғасырдың 50-60 жылдарында Жетісуда Кенен Әзірбаев, Қалқа Жапсарбаев, Әбікен Сарыбаев, Асылақын Қалиев сынды айтыс ақындары төл өнерімізді қайта түлетуге өз үлестерін қосты. Олардың басын қосып, додаға салуға сол кезде өмір сүрген Әділбек Абайділданов сияқты ақын азамат ұйытқы болыпты.

Жаркенттік айтыс ақыны, ұстаз Асылақын Қалиев туралы деректер іздей жүріп, сол тұстағы айтыс өнерінің жандануына ұйытқы болған басқа да марғасқа ағаларымыздың есімдерін кездестірдік. 1960 жылы мамыр айында Талдықорған қаласында Қазақ КСР-нің құрылғанына 40 жыл толуына орай облыстық ақындар айтысы өткізіліпті. Айтыстың беташарын халық ақыны Қалқа Жапсарбаев жыр шашумен ашқан екен. Бұл айтысқа Панфилов ауданынан Басқуншы ауылындағы Крылов атындағы орыс-қазақ орта мектебінің математика пәнінің мұғалімі Асылақын Қалиев жіберіледі. Онымен бірге ақын Тоқбай Исабеков пен Сағындық Ыбрайымов та келді. Бұл айтысты ұйымдастыруға марқұм Әділбек Абайділданов белсене атсалысып, ақын Ғали Орманов пен екі мәрте Еңбек Ері Нұрмолда Алдабергенов әділқазылар алқасының құрамында отырады.

– Осы айтыста Асылақын ақсулық Мысықовпен, мен Әбітай Исахановпен айтысқа түстік. Айтыста Асылақан жүлдеге ие болып, шапан киіп қайтты, – деп еске алатын сол айтыстың куәсі, ақын, марқұм Тоқбай Исабеков.

Сол жылғы 2 қарашада Қазақстан Ғылым академиясында республикалық деңгейде айтыс өткізіліпті. Бұл айтысқа да Жаркенттен Асылақын Қалиев бастаған Тоқбай Исабеков, Сағындық Ыбрайымов, Дәнеш Рақышев, Ерғали Наймантаев сынды өнерпаздар қатысқан. Айтысқа Алматы қаласының өнер сүйер қауымы мен бірге қазақтың белгілі ақын, жазушылары Мұхтар Әуезов, Ғабит Мүсірепов, Сәбит Мұқанов, Ғабиден Мұстафин, Әбділдә Тәжібаев, Хамит Ерғалиев, тағы басқа да мықтылары қатысып, төрелік етеді. Айтыстың беташарын Кенен Әзірбаевтың сырқаттанып қалуына байланысты, халық ақыны Қалқа Жапсарбаев өлеңмен ашты.

Ауыл мұғалімі Асылақын Қалиевтың өз бойындағы өнерін жақсы танытқан айтыс осы болды. Оның орынды әзіл мен юморға толы жыр шумақтары залдағыларды қыран-топан күлкіге бөлеп, ауық-ауық қол соқтырды. Алматы қаласының ақыны болып келіп, Асылақанмен айтысқан Мұқаш Байбатыров та оңай шағылар жаңғақ емес еді. Дегенмен ауыл ақынының сол кездегі қала тіршілігінің көлеңкелі тұстарын түйреп түскен тілі оның мысын басты.

Тар етек киген қыздарың,
Табалдырықта сүрініп құлап жатыр.
Арақ ішкен жастарың,
Сыйхана маңында сұлап жатыр
Ерлерің үй салуға маман екен,
Алайда ісі өнбейтін шабан екен.
Білім мен мәдениеттің бәрі осында,
Қаланың адамдары салақ екен.
Әр үйдің іргe тасын қалап қойып,
Әр жерге бір діңгекті қадап қойып,
Созақтап үй салуда отырасың, – деп түйдеткенде, сол кезеңдегі Алматы тіршілігі айнадағыдай айғақталады.

Сәнді киім киюді ғана өнер көріп, еңбекке жалқау қала жастары арасындағы арамтамақтарды әділ сынағанын көрермен ду қол соғып қоштайды. Айтыс сөйтіп өз құдіретін тағы да танытты. Ол екі ақын арасындағы сөз сайысы ғана емес, идеологияның ең бір пәрменді құралы екенін байқатты. Осы айтыс додасында әділқазылар алқасы Асылақын Қалиевтың өлеңдерін ерекше бағалап, иығына шапан жапты.

Асылақын Қалиев одан кейінгі жылдарда да облыстық айтыстарға үзбей қатысып, кілең жүлделі орындарды иеленіп жүрді. Әсіресе, 1972 жылы Гвардия ауданының ақыны Әбікен Сарыбаевпен айтысуы оның тағы бір өсу белесін танытты. Бұл Панфилов ауданының еңбекте де зор табыстарға жетіп, ерен өрлеп тұрған тұсы еді. Елінің еңбекқорлығы ақынға асқақ шабыт сыйлағандай, төгілте жырлайды.

Ауданым алға қарай басып отыр,
Табысы дариядай тасып отыр.
Жоспары артығымен орындалып,
Мал саны жылдан-жылға асып отыр.
Еңбекті біліммен ұштастырып,
Елімнің жаңалығы асып отыр.
Жүгері өсіруде жүлде алып,
Ерлерім көпке үлгі шашып отыр, – деп еліндегі жетістіктерді жеткізе айтып, әріптесінің аудандағы қарама-қарсы қарекетін қырына алады.

«Жоламан» совхозында «қызық» болды,
Шаттасып есептері былық болды.
Ерлерің алажаздай бекер жүріп,
Бар малын қыс ішінде қырып болды.
Тағы да қолыма факті түсіп,
Картобың қар астында қалыпты үсіп.
Үсіген картобыңнан «сусын» жасап,
Жүр екен жерлестерің шаршап ішіп, – десе Әбікен Сарыбаев та оған осал қарсылас еместігін танытып:

Екі аудан бұрыннан-ақ көрші болған,
Бірі қалса біріне ерсі болған.
Дегенмен Гвардия бай аудан ғой,
Панфилов жайлау сұрап қонсы қонған.
Мақтандың айтып біраз табысыңды,
Жібермей Әбікенге намысыңды.
Көз салып Басши жаққа бір қарашы,
Ақ боран алып кетті қамысыңды, – дейді.

Сол тұста Панфилов пен Кербұлақ аудандары өзара әлеуметтік, экономикалық тұрғыда жарысқа түскендіктен, жыл сайын жазда жайлауда малшылар тойында, қыста қыстауда екі өңір ақындары жиі кездесіп, сөз өнерінің сайысына түсуді дәстүрге айналдырды. Мұның өскелең жас ұрпаққа өнер жолындағы үлгісі де аз болған жоқ. Асылақын, Әбікен ақындардан кейін осы өнерді бойына қондырып, жақсы жырымен жұртқа танылған талай жастар өсті. Солардың арасында бүгінгі республикалық дәрежедегі ақындар айтысында өзіндік үні бар Айтақын Бұлғақов, Балғынбек Имашев, марқұм Жандарбек Бегімбетов сынды ізбасарлар осы екі айтыс ақынының дәстүрін жалғастырғандар.

Біз бүгін еске алып отырған айтыс ақыны Асылақын Қалиев өмірде кім еді, соған қысқаша тоқталып өтелік. Ол 1921 жылы 1 қаңтарда Жаркент өңіріндегі Қызылеспе ауылында дүниеге келді. 1940 жылы Көкталдағы қазақ орта мектебін тамамдап, 1942 жылдан өмірінің соңына дейін ауыл мектебінде физика, математика пәндерінен сабақ берген мұғалім. Ол тіршілігінде сергек, белсенді жан болыпты. Бірнеше жыл мектептегі оқу ісінің меңгерушісі, ауылындағы жастар ұйымының жетекшісі, ауылдық кеңес хатшысы қызыметтерін қоса атқарған. Өзі есептен сабақ берсе де әдебиеттен қол үзбеген. Оның бойында ақындық өнердің қалыптасуы, бала кезінде «Қобыланды», «Қыз Жібек», «Қозы көрпеш – Баян сұлу» сияқты ұлттық эпостық жырларды оқып, жаттап өсуінде ме деймiз.

Асылақын Қалиевтың сақталған әдеби мұраларын сараптаса жанры сатира, әзіл-оспаққа тым жақын. Оның ауызша айтқан әзіл-оспақтары да кең тараған. Өкініштісі ақынның аудандық, облыстық, республикалық басылымдарда жарияланған өлеңдері мен айтыстарының көпшілігі сақталмаған. Ақынның артында 4 ұл, 3 қызы қалды. Олардың көпшілігі әке жолын куған ұстаздар. Биыл ақынның туылғанына 100 жыл толып отыр. Соған орай балалары мен өңір азаматтары жақында баспадан ақын жайлы естелік кітап шығарды.

Мырзағали НҰРСЕЙІТ,
Жаркент қаласы.

(Басы 1-бетте)

«ТАҒЫ САЙЛАУ ТАҒЫ БАР, СТАМШАЛДЫҢ БАҒЫ БАР»

Мәселен, Лесновка ауылының батысындағы тоғайға арықтар тартқызып, терек, алма, өрік тағы басқа жеміс ағаштарының көшеттерін көптеп отырғыздырған. Сол арықтардың сілемдері әлі күнге бар, ал, алма, өріктер жабайы болып кеткені соншалық тоғай толған жеміс-жидек. Және сол өзі тағайындаған орманшыны ел жайлаудан түскеннен кейін арнайы шақырып алып «Мына ел-жұртқа бір-бір көлік отын бересің» деп тапсырма беріп отырған. Жұрттың бәрі алып болған соң, өзі бір тексеріп алып, әлгі орманшыға айтып тағы бір-бір ат көлік отын бергізеді екен. «Не үшін?» деген сұраққа, «Сатып шай-түз жасасын» деп жауап береді екен. Одан кейін бүкіл дүйім жұртты жинатып, орманшының көзінше қатаң түрде ескертетін болған:

«Енді бір адам бір тал кессе маған алып кел, қолын кесемін», – деп, орманшыға да аймағындағы халыққа да үлкен жауапкершілік жүктеп отырған. Сондағы болыс атамыздың көпшілікке айтатыны бір ауыз сөз: «Орман-тоғай ауаны тазалайды, мына дүние болашаққа да керек!».

Бұдан біз Стамшал болыстың келешек ұрпақтың да несібесін ұмытпай жадында түйген тектілігі мен елге, жерге деген ерекше көзқарасын, таным-түсінігінің жан-жақты екендігімен бірге, болашақты да болжай білетін сұңғылалық қасиетін байқаймыз. Және де болыс атамыз жылына бір рет өзі бас болып, қоластындағы халықтан жиналған «бәжі» салығын үкіметке төлейтін-ді. Төлемге келген малдың бәрін осы күнге дейін «Стамшалдың сазы» деп аталатын жерге бас-аяғын топтап жинатады екен. Сол бір саздауыт жер туралы жалпы сипаттама ретінде мына бір деректі келтіре кеткенді де жөн санап отырмын.

*«**Стамшалдың сазы** – Белжайлаудың дәл ортасындағы жазықтан солтүстікке қарай созылған кең алқап. Етегі саздау келеді. Солтүстігінде биік таулардың мұздағынан басталатын сулар жинала-жинала ағысы қатты өзенге айналады. Малға өте қолайлы, өрісі кең қоныс. Суанның ішінде елге 25 жыл билік жүргізген Стамшал болыстың байлығы мен берекесін тасытқан жайлауы, сол кісінің құрметіне аталған. Ел жадындағы «Тағы сайлау тағы бар, Стамшалдың бағы бар» деген сөз осы орайда айтылған. Кейбір деректе Стамшал 19 жыл болыс болған дейді, менің ақсақалдардан естігенім 25 жыл болыс болған, Бексұлтан Нұржеке-ұлының деректерінде жазбаға түскен есімі Исламшал екен». (А.Ә.Төреханов, «Би Салпық» кітабы, Алматы, 2020. 58 бет).*

Содан, өзі келіп көріп, жиналған малды аралап шыққаннан кейін семіз, жарамды, жол көтере алатын малдарды іріктеп алып бірден үкіметке айдатады. Ал, арық-тұрақ, орташадан төмен шаруаға жарамды малдарды жеке бір шетке жинатып алып, ру белсенділеріне: «Әй, біздерде жағдайы нашар болып, қатарға қосыла алмай «Ертоқымы мойнына кетіп жүрген» кімдер бар, бері шақырыңдар!», – деп пәрмен береді.

Сөйтіп, тұрмысы нашар ағайындарын шақыртып алып ортадағы малды бәріне теңдей қылып бөлген соң, күркіреген зор дауысымен көпшіліктің назарын өзіне аудара: «Әй, сендер де осылар сияқты адамсыңдар ғой, көзің, қолың, аяғың бар, денің сау. Мына малдарды сойып жеп қоймай, бала-шағаңа көже-қатық жасап, бағып-қағып өсіріңдер. Сендер де мына ауқаттылар сияқты еңбек етіп, жағдайларыңды түзеп, ел қатарлы адам болыңдар» – деп ағалық ақылын айтып, өзінің қамқорлығымен, жанашырлығымен қарауындағы қарашаның алғысын алып, ықыласына бөленген жан.

Мінекей, өстіп ол кісі өте әділ, ақты – ақ, қараны – қара дейтін, еліне құрметті, жағдайы төмен кембағалдарға кеңпейілдік танытатын, адамгершілікті ту еткен адам болғандығын атадан балаға өнеге ретінде ауызша айтылып біздерге жеткендігімен және осындай елге, жұртқа жасаған игі істерінен, айтқан өсиетінен білеміз.

Және де сонау Сатының суының басында Үлкен Тайбұғы, кіші Тайбұғы деген, суы балдай, ауасы таза, шөбі шүйгін жайлаулар бар. Ол жерлер бұрыннан Суан ішіндегі Ақша руының жайлауы. Ал, Сатының суының астыңғы қабаты қысы-жазы балдырмен көмкеріліп жылтыр, тайғанақ болып жатады екен. Демек, жылдағы көш маусымы басталған кезде барлық мал біткен судан өтеді емес пе, сонда тас бетін жапқан жылпылдақ балдырдан аяқтары тайғанап, сүрініп үріккен мал көшті әбігерге түсіріп, біршама қиындықтар туғызып отырған.

«...Бірде, осындай тосын уақиға орын алып көшіп бара жатқан Ақша ауылының келіні мінген аты балдырға тайғанақтап сүрініп, алдындағы ұстап отырған баласы қолынан түсіп кетіп өзеннің тасына басымен құлап, оқыс жағдайда қайтыс болады. Перзент деген қиын ғой, баласы өліп, бауыр еті езілгенде сондағы Ақшаның келіні жоқтау айтып отырып қайынағасын былай деп тілдегендігі туралы ел үлкендерінің арасында әлі де айтылып жүр:

Тайбұға сенің тасыңа болайын,
Көш бастаған қайынаға, басыңа болайын! – депті, бейшара жаны күйінгеннен».

Ақсақалдарымыз бен көкірегі қазына шежірешілеріміздің айтқан естеліктері бойынша Стамшал болыс үш жылдан сегіз рет сайлауда жеңіп, 25 жылға жуық Суанның Тоғарыстан ұрпақтарына болыс болып баянды, байырқалы билік жүргізген екен».

Стамшал болыстың тұлғалық бейнесін ашуда зейнеткер ұстаз Тұрапбеков Нұрмәулен Асанбекұлы ағамыздың ауызба-ауыз айтқан естеліктері көп көмегін тигізді. Мәселен, жоғарғы Еңбекші ауылында мешіт тұрғызып, медресе салуда да Стамшал болыс ұйымдастыру қабілетімен ерекшеленіп, келелі істің уақытылы жүзеге асуына мұрындық болғандығын естіп білдік. Көптеген өңір жастары аталмыш оқу ордасынан білім алып, еліне, жеріне адал еңбек етіп құрметке бөленгендігі тағы бар. Бұл білім ошағы Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында 4 сыныптық, одан бертін келе 8 жылдық мектепке айналып, алыс-жақында тұратын өңір жастарының білім алуына зор септігін тигізді. Сол мешіт ғимаратын да Нұрмәулен, Қабдыахмет, Мәулетхан, Сәбит ағалармен арнайы барып, іргетасына қаланған оюлы кірпіштері мен бөлме төбелерінің асқан шеберлікпен ағаштан қиюластырып салғандығын көзбен көріп, суретке де түсірдік. Сонымен қатар тағы бір назар аударарлық жағдай: осы көне мешіт ғимаратындағы ою-өрнекті кірпіштер Стамшал болыстың кесенесінде де болған деген әңгімелерді бұрыннан естуші едік, оны да қаперге алып, көңілге түйіп қойдық.

Жалпы, Стамшал Тұрлыбайұлы жайында ауызша аңыздар мен естеліктер өте көп. Бірақ, өкінішке орай туған жылы мен болыстыққа сайлану мерзімдері, қайтыс болған жылдары туралы нақты құжаттық деректер жоқтың қасы. Соған қарамастан қол қусырып отырудың реті жоқ, қазіргі қолда бар мәліметтерді іске жаратқанымыз жөн болар деп шештім. Сонымен, осы бір шағын қолжазбаны жазу барысында өзім жинастырған ауызша, жазбаша естеліктерді саралай келе тап қазіргі жағдайға орайластырып, ол кісінің шағын ғана қысқаша ғұмырнамалық портретін мынадай етіп салып шықтым. Әрине, әлі де елдің, жердің шежіресіне қалам тартушы әріптестеріміздің талай-талай зерттеулер жасап, сан мақала жазатынына шүбәм жоқ...

Нақты емес, бірақ, өзімнің жорамалым бойынша Стамшал Тұрлыбайұлы 1850-1855 жылдары аралығында дүниеге келіп, ана сүтімен өзінің бойына дарыған ақылдылық пен айлакерлік, зеректік, болашақты болжай білу сияқты ерекше қасиеттері жастайынан жадына сіңіріп өскен. Нәтижесінде, қырықтың қырқасынан асқан шағында, яғни, 1898 жылдары алғаш рет бүкіл

Еңбекшідегі мешіттің төбесінің көрінісі

Суанды аузына қаратып, одан тарайтын Тоғарыстан ұрпақтарына болыс болып сайланған. Содан ауызекіде айтылып жүргендей 25 жыл емес, үш жылда бір болатын болыстық сайлауларда жеңіп шығып 19 жыл үзбей, 1917 жылға дейін билік құрып, атақ даңқы Суаннан асып, Жалайыр, Найман, Албан, Дулатқа жеткен. Болыс атамыздың бірінші әйелі Дәнежаннан – Нүсіпжан, Әбдіреш атты екі бала көрген.

Мешіттің іргетасының көрінісі

Сондай-ақ, дәл осы 1917 жылы Стамшал болыс Жалайырдың Андасынан ұрпағы Қареке болыстың інісі Бұқашбайдың 13 жасар қызы Биғайшаны *(Қайша)* тоқалдыққа алады. Арада 3-4 жыл өтіп, елге тартқан шағында кәмелетке толған Қайшамен некесі қиылып, тағы да 3 жылдай отасқанымен тоқалынан ұрпақ сүймеген. Әрмен қарай ойша жобаласақ, 1925-1926 жылдары дәмі-тұзы таусылған болыс атамыз өмірден қайтып, бақилық болған тәрізді. Қосылғандарына көп болмай Стамшал болыс қайтыс болған соң, Қайшаны әмеңгерлік жолмен інісі Үмбетәліге қосады. Үмбетәліден – Тұрар *(1928 ж.)*, Хамит (1931ж.) деген екі ұл бар.

Тарих оқулықтарында жазылғандай Ресейдегі Қазан төңкерісі 1917 жылы болғанымен, біздің Жетісудағы Кеңес билігінің басталу тарихы 1918 жылдың көктемінен бастау алады. Шамамен, сол «Уақытша үкімет» кезеңі болса керек, Стамшал болыстығын інісі Үмбетәліге береді. Дегенмен, ел басқаруда көптің көңілінен шықпаған соң болыстық лауазымды інісінен алып бәйбішеден туған баласы Нүсіпжанға берген деген деректер де кездеседі. Оның да ісі алға баспай және де Патшалық биліктің құлап, Кеңестік жүйенің орнауына байланысты билік ауысып болыстарды қайта сайлау болған. Бұл додада Мырзагелдінің тағы бір баласы Туматайдың ұрпағы Нұрғали Жақыбайұлы болыс болып сайланған екен.

Стамшал болыстың жерленген жерін іздестіру барысында біраз әуре сарсаңға түссек те, бейітін таптық. Лесновка ауылының батысындағы Үсек өзені мен Орыс тоғанның ортасындағы «Мақпал арықтың» маңайында орналасыпты. Алғашқыда Стамшал атамыздың ұрпақтары – Қабдыахмет, Мәулетхан ағаларымыз бен Сәбит төртеуміз барып тоғай ішінде адасып таба алмадық. Кейінгі барғанымызда, болыс атамызға шөбере болып келетін Лесновка ауылының тұрғыны Нұрмәулен Асанбекұлы ағайымыз тоғай ішіндегі сыртқы қоршау ретінде соғылған соқпалары мүжілген, шамамен 30-40 адам жерленген қорымға турасынан бастап алып барды. Сәбит бауырымыз құран бағыштап, «әумин» деп бата жасалды. Жермен жексен болып тегістелген бейіттің іргелес шығыс жақ қатарындағы тастан қаланған тандыр пештің жұрнағы мен күйдірілген көкшулан кірпіштерді суға салып пісірген ойма шұңқырды және де жиектері әшекейленген кесене кірпіштерінің бірнеше сынығын да тауып алып суретке түсірдік. Бұрындары оюлы көк кірпіштермен тұрғызылған еңселі күмбезі болған дейді көнекөз қарияларымыздың естеліктері.

Ауыл қарияларының айтқан аңыз-әңгімелері бойынша айтулы күмбездің әшекейлі кірпіштерін Самарқаннан алғызды десе, енді бір шежіреші аталарымыз осы тандыр пештерде күйдіріп, су толы шұңқырда одан әрі шыңдаған дейді. Жарамсыздары су ішінде еріп кетіп, ең сапалы деген таңдаулыларын су толы шұңқырдан сыртқа шығарып, сыңғырлатып кептірген соң кесенені қалап шыққан болулары керек. Осынау көне тоғанның жағасына орналасқан тас пештердің жұрнағы мен қазан шұңқырларға қарап екінші аңыздың шындыққа біртабан жанасатындығына көз жеткізгендей болдым.

Кейін сананы құдайсыздық улап, әруақ аттаған Кеңес үкіметі кезінде алыс-жақын елдімекен тұрғындары кесенені бұзып, апарып ошақ, пеш т.б. түрлі құрылыстарға пайдаланған деген сөз бар. Тап қазір өкінішке қарай басында ешқандай белгі жоқ. Бірақ, айтпасқа және болмас, ел ішінде айтылған әңгімелерге қарағанда сол кесенені бұзған адамдардың тағдыры жақсы болмады-ау деген сөздерді де аракідік естиміз.

Қорым басында дөңгелене тұра қалып, «Осы біздер не үшін жүрміз?» деген сыңайда пікір алмасқанымызда, «Осынау елге еңбегі сіңген, ағайын-жұртқа қорған болған атамыздың басына белгі қойсақ деген ниетіміз бар. Бұл бастаманы кішігірім жиындарда да ылғи туыстарға хабардар етіп жатқан жайымыз бар. Және де біздің ойымыз осынау елге танымал үлкені бар, кішісі бар ағайындарымыздың осы бастаманы назарға алып, аталмыш игі іске қолдау білдірсе. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» дегендей, қажетті деңгейде ұйымдастырып жүзеге асырсақ. Басқа аталастарымыз да қарап қалмасы айдан анық...» – деп Нұрмәулен аға өз ойын ашып салды.

Ойымызды қорыта келе осы мақаланы жазудағы негізгі мақсатымызға көшсек: киелі Жаркент өңіріндегі аталас туыстарды, үлкен-кіші бауырларымыздың барлығын, осы **«Жаркент айнасы»** газеті арқылы, сонау Патшалық Ресей тұсында елін, жұртын айрандай ұйытып бірлікте ұстаған айтулы тұлға, білікті ұйымдастырушы Стамшал болыс Тұрлыбайұлы атамыздың басын көтеріп, ескерткіш белгі орнатуға шақырамыз.

Және де халқы мен туған атамекеніне сіңірген жанкешті еңбектері қанқұйлы Кеңестік қызыл империя дәуірінде солақай саясаттың көлеңкесінде қалып, жазықсыз жазаланған қаншама тау тұлғаларымыз бар. Сол бірегей асылдарымыздың жақсы істері мен өнегелі өмірін жас ұрпаққа үлгі тұтып жан-жақты насихаттау әрбір ұлтым деген ер азаматтардың қасиетті парызы деп санаймыз. Сол үшін де ұлтымызда ғасырлар бойы мирас болып келе жатқан «Өлі риза болмай, тірі байыз таппайды» деген аталы сөзді ту етіп әруаққа құрмет көрсетсек несі айып, ағайын!

Осынау игі істің бастамашы топ мүшелері: Оралұлы Сламжан, Асанбекұлы Нұрмәулен, Мәлікұлы Қабдыахмет және Мәлікұлы Мәулетхан, Молдағалиұлы Сәбит бауырларымыздың өнегелі ісіне басқа да барша ағайын-туыс зор ұйымшылдықпен жұмылған жұдырықтай болып қолдау көрсетеді деген сенімдеміз!

Ел намысын жанына жалау еткен ел ағалары мен атпал азаматтар біздің өлкеде де баршылық. Сол үшін де осы бір ұлағатты ауқымды іс-шарадан ешкім де тыс қалмай азаматтық үн қосады деген ниеттеміз! Біздің газет ұжымы да осы тілекке қосылып, бар ынтамызбен қолдаймыз!

Ал, ендеше іске сәт, ағайын!

Қали ИБРАЙЫМЖАНОВ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі,
«Жауынгерлік Даңқ» музейінің меңгерушісі.

Бастамашы топ мүшелері: Стамшал болыстың ұрпақтары, солдан оңға қарай – Нұрмәулен аға, Сыламжан ата, Қабдыахмет аға. Түрегеп тұрғандар: солдан оңға қарай – Мәулетхан аға, Сәбит.

«ШЕРЛІ ТАРИХ» ЭКСПЕДИЦИЯСЫ – ЖАРКЕНТТЕ

Жаркент түрмесі 1897 жылы арнайы салынған екен. Патша билігін алмастырған Кеңестер кезінде еңбекпен түзеу колониясы қызметін атқарған. Шекаралық аймақта қай кезде де билік үшін маңызды пункт саналған Жаркентте күні бүгінге дейін сақталған бұл ғимарат сол екі жүйенің де жазалау тетігі ретінде зарлы жылдардың жансыз куәсіндей болып тұр...

15 қазан күні «Жетісудың шерлі тарихы» жобасы аясында Панфилов ауданына барған Алматы облыстық толық ақтау бойынша өңірлік комиссиясы жұмыс топтары жетекшілерінен құралған экспедиция Жаркент мешіті, Панфилов аудандық архиві, кітапханасында болды. Панфилов ауданы әкімінің орынбасары Шұхрат Құрбанов, аудандық әкім аппараты басшысы Ербол Сқақовтар экспедиция мүшелерін қабылдап, аудан тарихының қатпарларымен бөлісті. Жаркенттегі кітапханада өткен өлкетанушылармен кездесуде экспедиция қатысушылары толық ақтау бойынша мемлекеттік комиссия мүшесі Ғарифолла Әнес, тарих ғылымдарының кандидаты Шәмек Тілеубаев, архивтанушы-тарихшы Рашид Оразов, жұмыс топтары жетекшілері Е. Стамшалов, Мейіржан Мұсабаев Алматы облысындағы толық ақтау бойынша зерделеу жұмыстарының жайын әңгімеледі.

Панфилов ауданы бойынша жергілікті өлкетанушылардың зерттеулері елеулі екен. Аудандық «Жауынгерлік Даңқ» музейінің меңгерушісі Қали Ибрайымжанов өңір тарихын жетік білетіндігін көрсетті. Қалекеңнің қаламынан Жаркент өңірі тарихына қатысты үш бірдей кітап туыпты. Ал Молот Солтанаев, Базархан Жақыбаев сияқты аға буын өлкетанушылардың жарық көрген еңбектері өз алдына. «Жаркент айнасы» газетінің мақалалар сериясы өңірдің өткенінің қасіретті кезеңдері жайлы маңызды деректер береді.

Жаркент мешіті сәулет-архитектуралық музейінің меңгерушісі Әбдімұрат Раев та қуғындалған діндарлар туралы маңызды деректермен бөлісті. Ақын, жазушы, сазгер Базархан Жақыбаев ақсақалдың өз әулетінің тарихы XX ғасыр зұлмат парақтарын айғақтайды. Мұнда мәжбүрлі босқыншылық, реэмиграция, тың игеру... бәрі бар.

1892 жылы салынған сәулет өнері ескерткіші Жаркенттегі Илия пайғамбар

храмының нерейі Димитрий Каплин 1918 жылы большевиктер қолынан қаза тапқан 15 адамның бірі – діндәр Василий Калмыковтың қайғылы тағдырын әңгімелеп берді.

Экспедицияға қатысушылар Панфилов аудандық архивіне бас сұғып, архив қызметкері Екатеринаның көмегімен ондағы деректер қорымен танысты. Архив қызметкерлері «мұнда репрессия бойынша деректер жоқтың қасы» деп көрсеткенімен, тарихшылар мұрағат қорында қуғын-сүргінге қатысты маңызды құжаттар бар екенін анықтады. 1920 жылдардағы босқындар тізімі, ішінде діни қызметкерлер басым саяси белгілер бойынша құқықтарынан айрылғандар тізімі, басқа да құжаттар архив қорларында арнайы сапар қылып, жұмыс істеуге лайық маңызды деректер барын көрсетті.

Өңірлік комиссия мүшелерінің Жаркентке сапары жергілікті өлкетанушылармен үйлесімді сұхбат, ақпарат алмасумен өріліп, шын мәнінде құрбандардың есімдерін оралту бойынша тілектестер бас қосуына айналды. Жаркентте арнайы ғылыми жиын өткізу, қуғын-сүргін тарихының ескерткіштерін қорғау бойынша бірлескен жұмыстардың жоба-нобайы айқындалды. «Шерлі тарих» экспедициясын Әулиеағашқа сапарлатып, шығарып салған жаркенттік өңір патриоттары Қали Ибрайымжанов пен Әбдімұрат Раевты біз де қимай қимай жобаның келесі тізгін тірер ауылы – Шонжыға бағыт алдық.

Еркін СТАМШАЛОВ,
экспедиция мүшесі.

ОРМАНДАҒЫ ОЙРАН

(хикаят)



(Соңы. Басы өткен нөмірде)

«Әттең, әттең сәл ертерек білгенде...». Жоламан есі шығып отырып өзінің не айтқанын, не ойлағанын шатастырып алды. Тағы да сол баяғы өкініш, тағы да сол шарасыздық. Тірліктегі бар мейірімін төккен әкесімен, шапағат нұрын силаған шешесін өлімнен алып қала алмауы, мынау әлі өмір қызығын басынан кешіріп көрмеген жастың өліміне араша түсе алмаған шарасыздығына күйініп жұдырығымен жер тоқпақтады. Жүрегі сыздады. Шұңқырдың ішінен азапқа түскен аттың оқыранғаны қорқырағандай естілді. Жануар жаны шықпай қиналып жатқан секілді. Көтеріліп тұрмақ болып ұмтылып басын қайта тастағанда өткір істікке шаншылып қан-жоса болып жатыр. Төрт аяғын қанша сермеуге тырысса да тілерсегіндегі қадалардың ұшынан босана алар емес. Созалаңдап орнынан тұрып барып қарақшылардың бірінің шешіп тастаған кісесіндегі қайқы пышақты суырып, ордың жиегіне жақындады.

– Мә, бауыздап таста анау атты! Обалдары сендерге болсын, – деп лақтыра салды. Шұңқырда бүрісіп өздерінің жазасын күтіп, құдайға жалбарынып отырған екеуінің төртбақтау келген бірі селебені қолына ұстап қадалардың шетін айналып, сығылыса барып құлағанда үш-төрт жерінен істікке шаншылып түсіп қырылдап жатқан аттың тамағынан орып жіберді. Оның шалт қимылын көріп «Қолының ауырын, иттің баласының. Байқаусызда қолына түсе қалсаң шімірікпей қорқыратып малша бауыздайтынның бірі осы» деді ішінен. Талайдың шырқыратып жанын алған қаныпезердің нағыз өзі екеніне күмәні қалмады. Шамалыдан кейін жануардың қаны сарқылып, жаны шығып тыныштылды. Ордың шетіне түскен қайқы пышақты сүртіп, қынына салып жатып қарақошқылданған жүзіне көзі түсіп тітіркеніп кетіп, «Мынаның суық жүзінде қанша жазықсыз жанның қаны бар екен» деп ойлады.

Төбеден ауа бастаған күнге қарады. «Мына жігіттің мекенін тауып, отбасына сүйегін табыстауы керек. Ана жауыздарды қайтпек? Өлтірем бе? Жоқ әлде босатып қоя берейін бе? Еркіне жіберсем ертеңгі күні тағы да қарақшылығын жалғастырса не болады?». Сан сауал жан-жағынан қаумалады. Тәуекелге барды. Ордың шетіне келді де:

– Сендер маған жасырмай бар шындықты айтсаңдар тірі қалуларың мүмкін. Әйтпесе аямаймын. Жазықсыз отбасымды ойрандадыңдар, әкем мен шешемді өлтіріп, әйелімді ажал аузына тастадыңдар. Айтыңдаршы олардың қандай кінәсі бар? Ал мыналарың не? Мына жап-жас жігіттің не кінәсы болды соншама қинағандай? Ана жануардың обалы сендерге болсын. Осындай жауыздықтарыңды мен қалай кешірем? Болыңдар, айтыңдар бұған дейін не істедіңдер?

Осыншама уақыт бойында қордаланып, запырандай қыжылдатып келген ашу-ызасын басып сабыр сақтап сөйлесе де үнінен ызғар есіп тұрды. Зілді сөздердің артында біраз жылдардан бергі бұлар жасап жүрген қарақшылық істі кешпестік жатқанын ор ішінде қорқыныштан тілін жұтқандай сілейіп тұрғандар да ұқты.

– Болыңдар, айтыңдар, күтіп отыра алмаймын! Қазір атып тастаймын!, – деп мылтығына қол созды. Жоламанның мылтығы қозғалғанда жан таппай тізерлеп отыра қалған бірі:

– Айтамыз, бәрін айтамын, тек шыбын жанымызды қалдыра көр, – деп қол қусырып зарлай жөнелді.

Аюлы сайдың оң жақ саласын өрлеп Орта тауға беттеп келеді. Жоламанның болжауынша жарты әлемге жайылып жатқан тау сағалары шығыстан батысқа қарай иір-қиыр болып жыланша созылған. Ұлы таудың ащы ішекше жалғасып кете беретін бас-аяғын өмірің біткенше аралап тауыса алмайсың. Сай-саласындағы бытқыл-бытқылы мен айдаһардың аранындай ашылып, көрдей қараңғы, жүрсең бітпейтін жаныңды сығып алатын тарлауыт қысаңдары қаншама. Осы арадан көрініп, менмұндалаған биіктің өзіне барамын деп бел байласаң екі-үш күншілік жол жүретін шығарсың. Ал, былайша қарасаң иек астында тұрған секілді. Жартас басқан, қалың орманды, қырат-қыратты аң қарап қарап жүріп Ортатаудың бөктеріне шыққаны бар. Ортатау демекші, бұл атауды айтып жүрген өзі, әйтпесе мұндағы өзен, тау, сай-саланы түгендеп оған атау беріп жүрген жан адам жоқ. Ұзақ өрден шыққан соң демін басып алмаққа қойтастың біріне отырып қалың қарағайы тұтаса өскен төменге көз тастады. Ашық күндері осы өзі отырған биіктен көз жіберсең алыстан айналдыра көмкеріп жатқан жап-жасыл орманның үстін көгілдір түс көлбеп бояғандай көрінеді. Есіне көнелерден қалған «Тауды сұлу көрсеткен бауырындағы ағашы. Даланы сұлу көрсеткен жазықтағы қаласы» деген ұзақ жырдың сөздері түсті. Рас-ау. Күнгейін бытысқан қалың бұта басқан, шалғыны атты кісінің тізесінен келетін бадал-бадалдағы ырғында жайылған бұғы-марал еркін көбейіп, қодығын ертіп, еліктің ешкілері быдырқай-быдырқайда алаңсыз лақтап жусайтын жер. Жаулары онша көп емес жабайы қабан-шошқалары тарғыл торапайларын шұбыртып қойша өріп, қара топырақтың қыртысын түренше түртіп, астаң-кестеңін шығарып аунап жатады. Азу тісін пышақша қайрап шабатын жалды қара қабандары кездескен жауын жарып тастап жүре береді. Ал сәл биігірек көтерілсе ана жақпар тастың иелері мүйіздері садақша иілген топтанған тау ешкілері мен оларға ілесіп ұзын құйрығын шұбалтып шұбар ілбісі жүреді. Негізгі қорегі тауешкілер болғасын мал қараған қожайындай солардың маңайынан алыстамайды. Жылына бір рет балалап, бір-екі күшік табады. Тектілігі сол, қасқырлардай жолыққанын қырып-жарып кетпей, керегін ғана ұстап, жатағына сүйреп апарып, аландарын тойдырып, өзі де жеп, соны қанағат тұтады. Көз аясына сыймайтын ашық, бұтасыз жан-жағы көрініп жататын жасыл беткейлерді осы араның сақшыларының міндеттерін өздеріне алғандай үйірлі суырлар мекендейді. Қорым жарыла көшкенде айырмадағы жасыл шөптесінді төбешіктердің де иесі сол қара құлақ суырлар. Тас-тастың арасынан сандаған ін қазып, суық түспей қысқы көрегін жаталаса жорғалап жинап жүргенін көресің. Беткейдегі көк шалғынның арасынан өздері ғана жейтін шөпті ұртымен тасып жүргендері сезікті нәрсе көрсе шаңқылдап хабар беретін іннің аузындағы күзетші суырға сенеді. Төңіректі түгел көретін биіктегі іннен шығарылған үйілген топырақты бақылау мұнарасы жасап алған суырдың айғырының көзінен ешнәрсе таса қалмайды. Күндік жердегіні сезеді. Жазатайым атқанда жаралана қалса шыңғырғаны дүниеде ащы. Ойбайы бейшара адамның дауысындай шығатын бұл жануарларды ата-бабаларымыз адамнан азған екен дейтін. Қазақтар бұның еті харам деп жегізбейді, өйткені іннің түбіне қарап жатады екен деген сөз аңызда айтылады. Еркін жайылып семірген суырлар қауып-қатер сезіп нініне қарай қашқанда май басқан денелері борсаңдап әрең жорғалайды. Жанаман да кейде аңнан құры қол қайтқан кездерінде итке азық болсын деп кішілеулерін атып ала келіп Бөрібасарға сойып беретін. Жаз соңына таман ауланған суыр терілері өте мықты әрі одан тігілген тұмақ, ішік, жүнін ішіне қаратып илеп, табанын су сормайтын сіріден тіккен етіктің қонышына салса дүниеде жылы болады. Солардың бәрінің қимыл-қозғалысын сонау зеңгір көктен анда-санда «пыштақ», «пыштақ» деп саңқылдап қойып шегір көзді қыран қалықтайды. Есте жоқ ескі замандардан бері сыңсыған қалың жынысты қия беткейлердегі қатты бораннан сынған, құрап, уақыты өтіп айқұш-ұйқыш құлаған қарағайлардың шіріндiлерінің астындағы қорыстан апан қазып, осы өңірдің қожасы аюлар мекендейтін. Жазда шалғынның ішін баданадай қаптаған қып-қызыл қой бүлдірген басса, беткейіндегі егістей ұйыса өскен таңқурайының қызығын томпаңдатып қонжығын ерткен кірекей көретін. Орман арасындағы қырлардан қошқарбастанып, бүйірленіп, сыртқа тепкен домбауыл жартастар әр-әр жерден томпаяды. Шомбал жарлауыттарды көзінен өткізіп, тау басынан сырғып сайдың етегіндегі қолатқа қарап еді, күн сәулесі түспей көлеңке жапқан жерден шығып жатқан буалдыр түтінді байқады. Назар салып көзін сығырайта үңілді. Тымық ауада жаққан оттан шыққан қою түтін қарағай ұшынан көтеріле ауаға ұласып, үңіле қарамаған адамға байқалмай сиреп кетіп жатыр. «Бұлар кім болды екен? Бұрын-соңды Аюлы шатқалына жүрек жұтқан аңшылардың бірі болмаса, бұл жердің сырын білетіндерден ешкім аяқ баспайтын еді. Жоқ, тәуекелшіл мергендердің бірі ме екен? Қалашықтағы таныс аңшыларым келген болса үйге бір қонып, аңның жағдайын сұрап аттанушы еді. Кімде болса мен білмейтін адамдар» деп арғы-бергіге ой жүгіртіп, орнынан тұрып қозғала бере кілт тоқтап, түтіні сейіліп бара жатқан сайдың табанына үңілді.

«Е, бәсе, солар. Солар екен ғой, – деп бір сырды білетіндей-жымия күліп. – Иен тау шатқалының ит мұрыны өтпейтін жыныстың ішіне, қалың аюдың ортасына келіп жан сауғалағандарын қарашы. Қауіпті жер ғой, жазым болып жүрмесе игі еді. Қазір барып бұл жердің өте қауіпті екендігін айтып, қонысыма шақырсам ба? Тап қазір барғаным бола қоймас, кейін Жанаманды ертіп арнайы іздеп келейін» деп соған тоқтады. Солар ғой деп есіне алып жатқаны бекер емес-ті.

Ойына қыс аяғындағы қалашықтағы көпшіліктің ішіндегі екінің бірі айтатын қауесет сөз түсті. Бұны Жоламан қайда, көктем кезінде тау ішіндегі ескі қонысына көшер алдында естіген. Қалашық тұрғындарының дүркіресіп көкпар қылып жүрген әңгімесін бірде ас үстінде Қалиша да жеткізді. Осы өңірдің баяғыдан бері атағы алысқа кеткен, арғы-бергі жұртқа белгілі Төсекбай деген зомагер ірі саудагері бар. Төсекбайдың адамдары келіп базарда сауда жасайды десе былайғы жұрт онда бізге саудалайтын ештеңе жоқ деп сытырылып шетке шығатын. Зәуеде бір саудагер бұрын-соңды жаңа зат әкелсе түп көтере сатқызып алып үстемелеп баға қосып қайта базарға шығаратын нағыз алыпсатардың өзі еді. Мына жағы күн күйдірген Тәшкеннен тартып, ту десең түкірігің жерге түскенше мұз болатын Түменге дейін кіре жүргізетін, сауда десе көштің алдын бермей жүрген аса байдың бірі. Арғы жақ пен бергі жақтағы осы елде жоқ зәру заттарды әкеліп пұлдап тұрады. Ара-тұра мұның да жасаған дүниелерін арнайы адамдары келіп түп көтере сатып алып кететін. Саудадан басқа үйір-үйір жылқы қосын шығарып, табын-табын сиыр ұстап, мыңдаған қой-ешкі баққызып отырған алымды да шалымды саудагер. Екі-үш әйелінен туған ұл-қыздарын: ұлын келін түсіріп үй қылып, қыздарын ұзатып тұрмысқа беріп мал-жаны өскен, айтарлықтай құдандалы жері бар дүрілдеген бай адам. Әңгіменің төркініне айналған Төсекбайдың ұнатып алған нақсүйерінен туған толықсып бойжеткен қызы. Төсекбайдың да ішкі есебі бар, қулығына құрық бойламайтын залым. Қызын өзімен терезесі тең оңтүстіктік жақтың бір жасы жер ортасынан асқан бай саудагеріне тоқалдыққа бермек болып сөз байласып, алыс-берісін жасасып, жазға салым ұзатып жібермек еді. «Көңілдегі көрікті ойды базардағы нарық бұзады» демекші, кемеліне келіп тұрған сұлу қызы Төсекбайдың есеп елесінің бәрін тәрк етіп өзі құралпы сүйген жігітімен қол ұстасып бір күнде жоқ болыпты. Бекер кетпеген қызы жылқышы жігітпен саудагердің жылқысының ішіндегі бәйге бермей жүрген ең жүйрік екі атын мініп, қос қоржынын қамдап қашыпты. Қызын атастырып қойған кәрі күйеу баласы мына масқараны естімей тұрғанда тауып алмаққа тырысып жан-жаққа адам жіберіп ат шаптырып іздетіп әлек-шәлегі шыққан. Құдіретімен көп нәрсені дөңгелетіп тұрған Төсекбайдың қолшоқпарларының қашқындарды іздеп бармаған тауы, баспаған тасы қалмаған, жерге кіріп, көкке ұшып, суға батып кеткендей ізім-қайым жоғалыпты. Ер тоқымын бауырына алып тулаған аттай ашуланған Төсекбай «Дүйім жұртқа масқарамды шығарып, мазақ еткен қызымның өзін, не өлігін алып келіп көрсетіңдер» деп боғын пышақтап, шашын жұлып екі иығын жұлып жеп отыр дейді. Жалдамаған адамы қалмай іздетіп жатқан көрінеді. Құдасының қызын тауып бере алмай қалса беделінен жұрдай болатынын ойлап жаны шығып жүрген Төсекбай күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан айрылыпты деседі. Мал ашуы мен жан ашуы дегенмен сасық ойлы адамға қызын тауып күйеу баласына жеткізу, қайтсе де тоғыз-тоғыздатып алған қыруар қалың малды өзінде қалдыру жағы оның көкейін құртша тесті. Жан аяғы баспаған осы елсіз таудың ішіне жасырын деп жандары ашып, жөн сілтеген шамасы үлкен аңшылардың бірі болуы керек. Ал, Төсекбайдың төңірегіндегі жандайшаптары болса бұлардың иесіз тауға шығып кеткендерінен хабарсыз, жақын маңайға тығылған шығар дегендей ауыл-ауылдан, ел-жұрт мекендеген жерлерден сұрау салып іздеп жүрді.

Жоламан әлі өрімдей жас, өмірдің қиыншылығын көрмеген, ыстық-суығын бастан өткермеген, елсізге келіп тығылған жандарға жан ашырлық көрсетпек те болды. «Әзірше күн жылы кез, ал қыс көзі қырауда мына жабайы аңдарға толы орман арасында қалай өмір сүрмек, не ішіп не жемек? Кім біледі, мүмкін олардың да басқадай ойлағандары бар шығар, әзірге тәтті күйлерінің шырқын бұзбайын» деп те ойлады. Әйтсе де көңіл түкпірінде бірін-бірі сүйіп, осындай қатерлі қадамға барып отырған екі жасқа деген аяушылық, алаңдаушылық сезім оянды. «Аюлы десе аюлы ғой. Айналаның бәрі аюдың жемі, бұларға тиіспес. Қысқы ұйқыға кетер алдындағы аласұрған шағынан аман болса болды». Ал, сол кезде төмендегі лашықты паналаған ғашықтарға орманның төрт аяқты тілсіз хайуаны емес, екі аяқты, жұмыр басты пендесі ажал әкелетінін білді ме? Жоқ. Адам қанша ойлы болсада өзгенің ойында не жатқанын дәл болжау мүмкін емес нәрсе. Өкініштің ең үлкені сол.

Жоламан енді міне тағдырдың жазуымен өзі көктемде байқаған Аюлы шаттағы түтінді қонысты бетке алып келеді. Қарақшының бірінің ор ішінде дірілдеп-қалтырап отырып шатты-бұтты айтқандарынан бұлардың ел-жұртқа көрсеткен жауыздықтарына қаныкты. Талай бейкүнә адамдарға тізесін батырып көрсетпеген қорлықтары жоқ. Қу дүние үшін қарусыз жандарды қан қақсатып, қарсылық көрсеткендерін жұрт көзінен тасалау жерге апарып өлтіріп, көміп іздерін жасырып кетеді екен. Қатыгездік қылықтарынан жүрегі тітіркенді. Тонаушылық жүргізгенде бұл аймақпен ғана шектелмей, үш-төрт айлық аралықты адақтап шығатынын естіді. Атып-шауып, тонап алған мал-мүлікті танымасын деп басқа жерлердегі сыбайластары арқылы сатқызып, дүниені алтын-күміспен жинайтын бақай есепті сұмдар болды. Ор түбіне өлекседей құлаған бас қарақшының ойынша, қазына бәріне жетерліктей болғанда бұларды ертіп арғы бетке асып кетпек екен. Бірталайдан бері жиған қазынаны тыққан қойманы тыртық шеке екеуі құпия ұстаған, бұларға қайда жасырғандарын айтпаған да, көрсетпеген. Енді ол екі қанышер де ажалдарын күтіп, қор болып терең орда байлаулы жатыр. Алас ұрып, көкейлерін дүние тесіп жүріп, өткен жолдарында тек ылаң салып отырған бұларға қандай жаза істесең де сұраусыз. Өзінің ашу үстінде жауыздардың екеуін атып өлтіріп, кейінгі екеуін өлместей етіп ор ішіне байлап тастап қалдырып кеткені мыналардың елге жасаған қиянаттарына қарағанда күнә емес сияқты.

«Мен де алғаш рет кісі өлтірдім. Бірақ осындай қаталдық іске кек алу үшін бардым. Мен олардан әке-шешемнің және солар сияқты қаншама бейкүна қорғансыз, айуандықпен өлтірілген кінәсіз жандардың кегін алдым. Егер жұмсақтық жасап ордағы екеуді босатып кетсем талай жанның тағдырына балта шабудан тайынбас. Төбемде тәңірім таразылап тұрған шығар. Әй, бұлар екі дүниеде де оңбас» деп дауыстап қойды.

Бағанағы адам өлімімен ойрандалған ордың жиегіндегі өзінің қарекетін есіне алды. Жайбарақат жайылып жүрген аттарды ұстап әкеліп байластырып қойды. Жануарлардың обалы не аз уақыт өтсе де шалғынға бырт-бырт жайылып, терлері басылып, суып алыпты. Көп қаша қоймады. Қарақшылардың басшысы дәу божбан қара мініп келген ала атты неше рет атып тастағысы келіп оқталып барып, жануарды обалсынып, райынан қайтты. Тілсіз малда қандай кінә бар. Жауыздыққа бармайын деп ол ойынан бас тартты. Қосақтап байлап қойған аттардың қанжығалары бөктерілген дүниелерге толы екен. Есілген құлаш-құлаш қыл арқанның ұзынын шешіп ортасынан қақ бөліп екеуінің де ұшын ілмектеп түйді. Одан екінші ұшын өткізіп дардың ілмегін жасады. Екеуіне жасады. Тәуекелге бел буғаны белгілі. Мына сұмырайлар жазатайым құтылып кетсе өзіне, өзгелерге де қатер төндіретіні аян. Өлтіруге де барғысы келмеді.

– Екеуің бері жақында!, – деп айғайлады. – Сырттарыңдағы шекпендеріңді шешініңдер!, – деп зілденді. Құты кеткендер ләм демей сырт киімдерін сыпырып, сыртқа лақтырды. Өзі сәл шегініп барып шұңқырдың түбіне келген біреуіне бір қолындағы мылтықты кезеніп тұрып, арқанның ілмеленген жағын орға лақтырды да:

– Мына арқанды сал мойныңа, – деді. Арқанның ұшын қолына алған қарақшы бастапқыда ордан тартып шығарады деп ойласа керек, мына сөзді естіген соң зарлай жөнелді:

– Ағатай-ай, құлың болайын өлтірмеші, жанымды қалдыра гөр. Саған өмір бақи құл болып өтейін, – деп ойбайға басты. Жанында тұрғаны да қосыла жалынды. Кешегі күні талай жанды шырқыратқан батырсымақтар бүгін пенде болып боздап тұрғанын көрген Жоламанның қаны қайнап кетті.

– Жап, ауыздарыңды сұмырайлар, ашуыма тимеңдер! Әйтпесе, тап осы жерде сендердің маған жасаған қылықтарың үшін тірідей көміп кетер едім. Бірақ мен сендердей қаныпезер емеспін, сендерді өлтіріп арам қандарыңа қолымды былғағым келмейді. Байлап тастап кетемін, тірі қалсаңдар қалдыңдар, жолдарың әне, ол өз тәлейлеріңнен, өлсеңдер сендер сияқты малғұндардың құнын ешкім дауламайды. Бірақ тірі кетсеңдер көз көрмеске жоғалыңдар. Бұдан былай бұл маңайдан көрсем тап сол жерде атып тастаймын!

Аңшының үні қаһарлы шықты. Жоламанның бойында бұлар да адамның баласы-ау деген сезім баяғыда сөнген еді. Ордағылардың «Мақұл, мақұл» дегендері естілді. Қылша мойындарынан дар ілмегіндей арқанға ілінген, аяқтары жерге тиер-тимес болып керілген екеуінде жан қалмады. Тамағын буындырған қыл арқанды қолмен тартып дем алып тұрғандардың қаншаға шыдайтынында жұмысы жоқ Жоламан екі арқанды қосарлап орта шенінен бір түйді де екінші ұшын ордың жиегінен алыстау өскен бұтаның түбіне керіңкіреп байлап тастады. Арқанға ілінгендер қолын босатса қылғынып қалатынын біліп, аяқтарының ұшымен тұруға мәжбүр болды. Ашудан түтеп кеткені сонша ордағылардың жалынған дауысы құлағына кірмеді. Көп адамдарға істеген қиянаттарының зауалын тартар шақтың жеткені осы еді...

Жауларын бейтараптандырған аңшы аттың бірін ұстап мініп, қырат басында қалған киімдерін, текенің еті салынған қапты бөктеріп алып түсті. Жазатайым аттардан айырылып қалмайын деп үш атты қалмақшалап байластырып қойды. Жолға арыстай болып жатқан жігіттің мәйітін алып жүруге дайындалды. Ұраның үстін жапқан сырғауылдың ұзындарын таңдап алды. Төрт аттың ішіндегі адамға жақын жуас біреуінің ертоқымын қайта ерттеп, қос тартпасын мықтап тартып қазақы ердің алдыңғы қасынан арқанды кесе көлденеңдетіп байлап екі сырғауылды екі қапталына бекітті. Аттың құйрық тұсынан асыра, екі сырықтың арасын арқанмен шандып шықты. Торлама жасап адамды ұзынынан жатқызып алып жүретіндей сүйретпе жасады. Ордағы қарақшылардың зәресін ұшырып шешіндіріп алған шекпенінің бірін торламаның үстіне салып, бірімен жігіттің бетін тұтас жауып, орап көтеріп әкеліп сүйретпеге жатқызып жүруге дайындады. Денесінен қан ағып бітіп, киімі кеуіп keберси бастапты. Аласа келген жұмыр тұяқты торы атқа әлгілерден жинап алған керек-жарақтың бәрін артты. Жетекке алатын екі аттың үзеңгілерін айқастырып ердің үстіне байлап тастады. Өзі ықыласcыз ала атқа мінді. Ала ат бастаған жаққа қалғандары еріп жүре беретін сияқты болған соң еріксіз бұт артты.

Торы ат сүйретпеге жегілген, қалған екеуін қосарға алды. Талап-тонаған дүние-мүліктерді артып жүруге әбден еті үйренген жануарлар мұндайға қымсына қоймады. Жетекке көніп ілесе жөнелді. Ойраны шыққан орды, оның маңайындағы жусап жатқан өлі-тірілерге көз қырын да салмаған Жоламан қанды қол қаныпезерлердің қолынан қапияда мерт болған жігіттің тұрағын бетке ұстап жолға шықты. Адамның ақырғы аманатын орындау сертке берік жандардың қолынан ғана келетін іс.

Бала күнінен ұланғайыр таудың ішін мекендейді. Жасы отызды орталап қырыққа қадам басқан аңшыға өңірдің қатпарлы тау жоталары, шатқалдары мен сылдыраған бұлағы, сарқырап ағып жатқан өзендері етене таныс болатын. Жоламан сонау садақ асынып аң атқан заманнан бері тау етегін қоныстанған ата-бабаларының кәсібін үзбей алтын арқаудай жалғастырып жүрген жігіт. Біраз уақыт бұрын Аюлы шатқалындағы түтін түтеткен ошақтың иелерінің тірлігін қызықтап жүр еді, енді өзі сүйегін алып келе жатқан сол лашықты қоныс еткен Қайырлы екенін әлгіндегі апанда қалдырған малғұнның сөзінен естіді. Алдындағы малын адамнан артық санайтын Төсекбай тың-тыңдатып, бұлардың ізіне ит түсіргендей індетіп жүріп қыздың жылқышымен көңіл қосып қашып кеткенін анықтапты. Қу қуды, сұм сұмды табады деседі. Жақын-жуықтарын араға салып, қарақшылардың басшысын таптырып алып жасырын келісіпті. Алғашында жігіттің қызды қайда алып кеткенін анықтап, қайырып әкелуді, ал жігіттің көзін ешкімге білдірмей жоюды тапсырыпты. Өзін осылай жұрт алдындағы масқарадан құтқарса бұларға мол ақысын да бермек екен. «Аңдыған жау алмай қоймайды» демекші жалдап қойған жансыздары арқылы Қайырлының ұлан таудың ішіне жасырыныпты деген дерегін естіп жол тосарларды жіберіпті. Жасырынып келіп-кетіп жүргенін біліп қайтар жолын тосқан. Қалашыққа қас қарая кіріп, жора-жолдастарының жұбайы екеуіне дайындап қойған керекті оны-мұнысын алып, тездетіп шығып, белес-белесті айналып адастырып, із тастап, басқа жаққа қарай қашып, кейде ит тұмсығы батпайтын қалың орманға кіріп кетеді екен. Қуғын түссе де астындағы атының ерен жүйріктігінен бірнеше рет кешкілік қашып құтылып, тау арасына сіңіп кетіп жүріпті. Кейде бұлардың қарасын алыстан байқаған жылқышы тау ішіндегі әйелін жасырған жерге апаратын соқпақты көрсетпейін деп ат басын мүлдем басқа жаққа бұрып қашып көз жаздырып кететін болған. Жігіттің астындағы аузымен құс тістеген жүйрік аты тұрғанда оңайлықпен алдырмайтынын, қашса бұларға қара шалдырмайтынын білген әлгі сұмырай басқа амалға көшкен. Мазасын қуалап ала берсек паналайтын жер іздеп, таудан түсіп басқа жаққа кетер деп те аңдый бастаған. Ол ойы да іске аспапты. Жылқышы жігітпен қыз жылы орнынан қозғалмаған. Төсекбай да бол-болдың астына алып, асықтырып, жылдамдатып тап деген сөзі де жанына қамшыдай батып шыдатпай барады. Түнеу күні қараңғы түнді жамылып кезіккенде дегбірі кетіп, егер жігітті тауып өлтіретіндей болсаң онда қыздың да көзін жоярсың дегендейді меңзеген. Тіптен кетсе күйеу баласына қызым қайтыс болып кетіп, жер сабап қалдым демек. Қу қаптал, кәнігі қарақшы адам өлтіру оңай нәрсе емес, үстіне тағы біраз дүние қосарсыз деген емеурін жасағансып бұлталақтатқан. Қап тесер саудагер сұрағанын беретін, айтқанын орындайтын болып келіскен. Жылқышы жігітті қашса ұстатпайтын, қуса жететін астындағы бәйге аты тұрғанда қолға түсіре алмасына көзі жеткен залым, қанды балақ қарақшы оны басқа амалмен өлтіруді көздепті. Жүйріктің аты жүйрік, жүгіргенде қара шалдырмайтын тұлпарды арандатып орға жығып бозбаланы өлідей не шалажансар ұстауды көптен бері ойластыра бастапты. Аралап жүріп қалашықтан алыста жатқан тау бөктеріндегі сайдың қысаңынан, үстінен ат құласа адамда арандап сау қалмайтын жарды тереңдетіп ор етіп қазғызып, бетін байқамайтындай бүркеп жауып, ажалдың апанын дайындатқан. Жас жігіттің тығылған тұрағымызды іздеушілер білмесін деп бұлтақтатып із тастап, басқа жаққа қашатынын білген жырынды баскесер сол күні әр жерге аттыларды жасырып қойып өздері қазып қойған орға қарай қашуға мәжбүр еткен. Әр жерден жылт етіп қара көрсете отырып, қақпайлап қуалап әкеліп күні бұрын қазып дайындаған орға құлатып өлтіріп тынды. Адам өлтірудің неше түрін ойлап тапқан қаныпезерлерде аяушылық сезім деген сөніп қалған ғой. Ақыры келіп Төсекбайдың айтағымен жас боздақты қазаға байлап, бірақ өлімнің құрығынан өздері де құтылмай, осы жерден ажалдарын тауып отыр. Атқа жалын тартып мінгеннен жолын жамандықпен бастаған қанды қолдың өзінің арам қанына тұншығып өлім құшқанынан хабарсыз іш мерез Төсекбай жатыр. «Жатсын ит» деді ішінен кіжініп. «Қанды қан жібермейді» деген, ежелгі көнелердің сөздері тура атылған оқ қой. Жазықсыз адамдардың қанын мойнына жүктеген бұлардың да зауалын құдай Жоламанның қолымен берді.

Қайырлының тұрағына апаратын Аюлы тауға енетін шатқалдың ауызы бүгін жеткізетін жер емес, біршама алыс. Ойлы-қырлы бірнеше белесті артқа тастап, екі жағын қарағай басқан ұзын сайға келіп енді. Бір қолайлысы сай табанындағы ақырын ағып жатқан өзеншенің суы таяздау әрі асты жайдақтау көрінді. Арлы-берлі бірнеше рет кешіп өтіп өрлеген соң арнаның суы тартылып бұлаққа айналды. Ат жүріп өткен сүрлеуден жаңылмай Қайырлының тұрағына апаратын болар-болмас байқалған көмескі сілеммен жүріп келеді. Ана жерде шалғын шөп жапырылыпты, кей еңісте ат сүргектеген тұяқтың ізі жатыр. Бір екі рет аттан түсіп, сүйретпедегі жігіттің бетін ашып, сырғып кетпеді ме деп қарап, жөндеп қойып күрсініп алады. Алдыннан мұны кім күтіп алады. Тау ішіндегі жасырынған мекенінде адам бар ма? Жанаман мәйітті нар тәуекелмен Аюлы сай жаққа сүйретіп келеді. Әлгінде өлер алдында жігіттің Әлима деп есімін атаған әйелі қалай қарсы алады? Бұл үшін алды толы бәрі жұмбақ. Қарсыдағы тау шоқысынан байқағанда түтін шыққан жер сайдың табанындағы шағын ашық беткейден буалдырланып көтерілген сияқты еді. Күн ұясына қонды. Ымырт кезі болса да ерте көтерілген шарадай толған ай толықсып төбеден түсіп айналасын жарық қып тұр. Барар жеріне бүгін тауып жете алмайды, екі арада жарты күншілік жол жатқанын анық. Түнмен таласа жүргенімен қараңғыда сүйретпе сырғып түсіп кете ме, не болмаса ат сүрініп мертіксе діттеген жеріне уақытылы жетпесе онда мәйітке де обал боларын ойлады. Осы араның бір жеріне түнеп шығып, ертемен таң бір қараңғы, бір жарықта аттанбаққа бекінді. Қоналқаға ай жарығында болжалдап, түнеуге лайықты аланды таңдады. Аттарды жайғастырды. Жанған оттың жарығы түсіп, көрініп тұратын тұсқа оралып қалмайтындай етіп қысқартып, бір аяқтарынан байлап, арқандап тастады. Айналасындағы қарағайдың түбінен отын жинап, тұтатып лапылдата жақты. Торы аттағы сүйретпені жігіттің мәйітімен сол күйінде ердің басынан асырып жерге түсіріп өзіне жақындау жерге жатқызып қойды. Оттың жарығы түсіп тұрсын дегені. Атқа бөктерілген қапты түсіріп еліктің текесінің боршаланбаған етін сары суымен жиналған қан-жыны сорғысын әрі түнгі самалға желдесін деп бұтаққа іліп қойды. Жұқалап төстігін кесіп алып, шаласын ысырып, шоғын үйіп етін қақтады. Жарты күн қапта жатса да бұзылмапты, тұз сіңіп, дәмі кірген майлы төстікті сүйсіне шайнады. Аттардың алынған ер-тоқымдарын отқа жақындатыңқырап көк шалғынның үстіне жайып, оның үстіне атқөрпелерді төсеп, өзіне жатар жай дайындады. Өзінің және тыртық шекенің мылтығын оқтап екі жағына қойды. Түн ішінде әлденеше рет оянып, отты қузап қу бұтақтарды салып маздата жағып, аттарды байқастап, мазасызданып, ұйқысы қашып шықты. Бірер уақыт оянып, отқа қарап, өткен іске ой жіберіп отырды. Анда-санда түн тыныштығын байғыздың серігін шақырып үһілеген үні бұзады. Ұшып өтіп бара жатып дәл құлағының түбінен сайтандай шақырған тауқұдіреттің «әй» деген дауысы сай сүйегінді шымырлатады. Төтеннен естіген адам талып түсетін дауысқа бала кезінен еті үйреніп кеткен Жоламан ол үнді елең қылмайтын. Орман ішінен сүзісіп бақ еткен текенің, сыбызғыдай сызылтып еліктің лағын шақырғаны естіледі. Ал мұның алдындағы от тиген сытырлаған қу бұтақтан жан-жаққа тек шытырлап шоқ ұшады. Табиғаттың адам баласының жасап жатқан шаруасына мүлдем араласпай мүлгіп өмір сүріп тұрғандығын түн тыныштығы білдіретіндей.

Жаздың таңы әлі қысқара қойған кез емес. Ежелгі қалыптасып қалған дағдысымен таң алакеуімнен тұрып жолға шықты. Тау бөктеріндегі кездескен ондаған кең сайдың, шалқайып жатқан шатқалдың әлденешеуін кесіп өтіп Аюлы сайдың аузын тауып кіргенінде күн түске тырмысты. Жолындағы аласалау келте тұмсықты айнала бергенінде алдынан тік құлама кезікті. Оның үстіңгі жағы ашық, қарағайы түріле өскен беткей сияқты көрінді. Аттар алқынып, тіктеп шыға алмағасын көлденеңдеп салынған сүрлеумен көтеріліп келеді. Жоғары өрлеген сайын сона, шыбын-шіркейден қорынған аттар бастарын шұлғып пысқырынып қояды. Беткейдегі түзеңге ілінген соң өзі мініп келген жуас торыдан түсіп, жетектегі ноқтасынан байластырған аттарды ағытып, жекелеп бұталарға байлап қойды. Мәйітті сүйреткен торы аттың тізгінінен ұстап, өзі жетелеп тепсеңге өрледі. Иек артпаға шыға келгенінде:

– Жақындама маған, жақындама! Аттап бассаң өзімді өлтіремін!, – деген ащы айғай естілді. Жоламан тұйықсыздан шыққан дауыстан селк ете түсті де қалт тұрып қалды. Астырттағы мұны көрмесе де пысқырынған аттардың дыбысынан сезіктенген болуы керек. Нәзік болса да ышқына шыққан айғайы бұл әйелдің басын қандай қатерге болса да тіккенінен хабар беріп тұр. Созылып келіп сиреген қарағайлы беткейдің астында үстін шөп-шаламмен бастырған тігілген кепе тұр. Дауыс балашық қарағайлардан уық секілді кесіп, басын буып байластырып жасаған ұзын қараңғы лашықтың ішінен шыққандықтан аңшы иесін көре алмады. Қапелімде аузына түскен «Жарайды, жарайды» дегеннен басқа сөз айтпады. Атын шылбырынан қысқа ұстап жетектеген аңшы Қайырлының әйелі мені көрсін дегендей көлденеңдей келіп тамағын кенеп:

– Мен Қайырлыны әкелдім, – деп қаттырақ айғайлады. Сәл күтіп барып: – Мен Жоламанмын. Осы таудағы аңшымын, – деп тағы да қайталады. Анық айтты ма, жоқ әлде күбірледі ме оны өзі де ұқпады. Айнала тым-тырыс. Жетегіндегі аттың тізгінін ердің қасына іліп қаңтарып қойып лашыққа қарай жүрді. Әйел мұның айтқан сөзін естімеген болуы керек;

– Мен сізді танымаймын. Кетіңіз дедім ғой сізге! Күйеуім келсе жаман болады, – деп айтқан сөзі бәсеңдеу шықты. Жақындағанда байқады, лашықтың қасына қарағайдың қураған бұтақтарын молынан жинап қойыпты. Түнімен от жаққан болуы керек, едәуір жерді күл басыпты, қозы әлі сөнбеген сияқты. Бірақ лашықтың қараңғы түкпіріне тығылып отырған дауыстың иесі әлі көрінбеді. Қайырлының айтқаны рас болды. Мұнда жалғыз Әлима ғана екен. Танымайтын, орман арасынан шығып лашыққа келе жатқан бөтен біреуден қорқып тығылып қалғанын сезсе де не айтарын білмей тосылды. Ауыр күнді бастан өткеріп, жүйкесі жұқарып, зілдей мұң басқан Жоламан ашу шақырайын десе де артындағы сүйретпеде жатқан жансыз жігіттің аруағынан сескенді. Үнсіз тұрғанда:

– Кімсіз?! Кетіңіз бұл жерден, – деген лашық ішінен жіңішке дауыс дірілдеңкіреп шықты. Бар қаһарын төгіп айтқан сөзінің соңы жұмсарып кетті.

– Мен ғой. Мен – Жоламан ағаңмын. Аңшымын. – Ар жағын қалай жалғарын білмей, аузына айтар сөз түспей іркіліп қалды. Тамағы құрғап, тілі таңдайына жабысып қалғандай. Қайырлының сүйегін әкелгенін қалай жеткізбек? Әйел болса жаманшылықты сезбегендей.

– Жақындамаңыз, мен өзімді өзім өлтіремін. Кетіңіз, – деп айғайлап отырғанын тыңдамады. Жігіттің мәйітін көрсетпесе бұл ашынған әйелдің өзіне-өзі қол салуы да, басқа іске баруы да ғажап емес, кешелі бері көргені де жанын тырнап тұр. Жоламан үнсіз бұрылып барып мәйіт жегілген атты ауыздығынан ұстап жетектеп әкеліп, сүйретпе байланған арқандарды ер үстінен босатты. Атты бос қоя бере салды. Жігіттің сүйегін лашықтағы әйел көретіндей етіп көлденеңдетіп қойды.

– Сен менен қорықпа, Қайырлыны алып келдім. – Лашық ішінен дыбыс болмады, бұл да үнсіз, айнала да тып-тыныш еді. Шалғынды бырт-бырт үзіп ат жүр. Қапсағай денелі Жоламанның еңсесі құсырылып ол тұр. Ер адам емес пе, болары болып, бояуы сіңген іс болды, енді естіртпесем болмас деп ойлады.

– Мен саған жау емеспін. Қайырлының алып келдім... – Өлідей, тірідей деген сөздерді айта алмай тұтықты. Не істегенін өзі де аңғармай, қоздап жатқан от сөніп қалмасын деп шоқтың үстіне ірілеу бұтақтардан тастап қойды. Сөзімді ұқса бері шығатын шығар деп жарық көмескілеу түсіп тұрған лашықтың түбіне тесілді. Тағы да сол тыныштық, тек әлденеден секемденген ала қанат сауысқан ғана тынымсыз шықылықтап бұтақтан-бұтаққа секіріп жүр. Алпамсадай денесі кешелі бергі жанын езген шерден мойыны ішіне иіліп, жігері құм болып кеткен мұның көңілін лашықтың алдына шыққан жас келіншек бөлді. Қайырлыны әкелдім дегеніне сенерін де сенбесінде білмей тұрғаны асығыстағы киім киісінен білінді. Басына тартқан көнетоз шыт жаулығынан шашы қобырап шығып кеткен, үстіне киген өңі түскен шапаны тізесінен төмен жауып тұрғандықтан бойын ұзындау етіп керсетіп тұр. Бидай өңді ақсары келіншектің көзі қорқыныштан қуқылданып кетіпті. Ақырында не болғанын түсінгендей жүзі сұрланып бері жүрді. Көлденең шалғынға жатқызып бетін жауып қойған адамның сұлбасын танығандай өңі қуара бастады. Мәйіттің бетін ашқызбайын, мына ауыртпалықты көтере алмас, көрмей-ақ қойсын деп ойлап тұрғанда, жұқалтаң өңді талдырмаштау келген Әлима жылдамдата басып Жоламанның қасынан өте шықты. Қапелімде не болғанын ұқпай қалды. Әлима еңкейді де тоқылған сүйретпедегі мәйітке жетіп барып бетіндегі бүркеуін ашып жіберді.

– А... Қайырлы, Қайырлым. Не болды? Саған жауыздар не істеген? Қайырлым-ау... Оңбағандар ақыры өлтіріп тынған екен ғой. Қарғыс ұрсын оларды, қарғыс атқырлар. Ой жаным-ай, – деп иегі кемсеңдеп, өлі денені иығынан ұстап өзіне тартты. Жоламан әйелді мәйіттен шеттетпек болып жақындаған кезде келіншектің үні шықпай, қос тізесі бүгіліп барып, бір жағына қисая кетті. Капелімде әйелдің аяқ аяқ астынан талып қалғанын көріп Жоламан да қандай әрекетке бararын білмей дал болды. Қолтығынан алып сүйеп көтермек болып еді салмақты көрінді, келіншектің ауыр аяқ екенін білді. Жайылымда жүрген ат пысқырынып еді есіне бірдеңе түскендей келіншекті жатқыза салып қосқа жүгірді. Кіре сала оң жақта тұрған көнек көзіне түсті. Қасындағы ағаш ожаумен бұлақтың мұздай суын іліп алып келіп, ес-түссіз талып жатқан келіншектің бетіне шашып жіберді. Ауыр демалып барып кірпігін көтеріп, көздерін көк аспанға тіктеп қадап, сүлейсоқ күйдегі келіншек басын бұрып жүрелеп отырған мұны көрсе де есіне ештеңе түсіре алмағандай жатыр. Әлден соң ойына бір нәрсе келгендей, ұмтылып тұрмақ болды. Жоламан қолтығынан демеген еді бұрынғыдай жатсынбады, екі қолын алдына тіреп, жігітке қарай еңбектеді. Сүйретіле еңбектеп жетіп сүйретпенің үстіндегі жұбайының басын құшақтап үнсіз егілді. Жоламаннан қысылғанынан емес, екі күн тосып, түнімен қалың ормандағы бар дыбыстан шошып, ұйықтамай, от жағып ала таңды көзбен атырған жанның әлі құрып, жоқтау сөзді де айта алмады. Өкініш пен мұңға толы аңырап жылаудан өзге ештеңе шығара алмады. Бұлардың осылай отырғанына бие сауымдай уақыт болғанда Жоламанға жан кіре бастады. Күн төбеден ауа бастады. Қайырлының басын құшақтап жатқан Әлиманың жанына келіп тіл қатты.

– Айналайын, сен енді жылауыңды тоқтатпасаң болмайды. Өлгеннің артынан өлмек жоқ. Мен мына мәйітті дұрыстап жерлейін, обал болады. Қараңғы түсіп кетеді.

Аңшының дауысы біршама бұйрықтай шықты. Көзі бұлаудай болған келіншек Қайырлының тағдырынан үмітін біржолата үзгендей орнынан әрең тұрып қосқа бет алды. Жүзінде не істесеңізде еркіңіз деген кейіп бар. Бұл да келіншектің артынан ерді. Қосқа жақындағанда келіншек артына бұрылды. Жоламанның не іздегенін түсінгендей қосқа кіріп кетіп, қолына балтаны ұстап қайта шықты. Құрал-сайманнан жалғыз осы балта ғана барын ұққан Жоламан жігіттің мәйітін жерлейтін орын қарастырды. Қарағай түбінен алыстау, жұмсағырақ жерді тауып, адам беті жабылардай астаушадай етіп қабір қаза бастады. Түннен бері нәр сызбағаны балта шапқанынан білінді. Бар қуатын жұмсап, қазып бітіп, сүйретпеге өзі жегіліп, қабірдің қасына Қайырлыны әрең сүйретіп әкелді. Азапқа түсіп, қиналып жан тапсырған, бұл дүниенің бар тозағын бұларға қалдырған арыстай азамат алдында жатыр. Жансыз дененің екінші күнге айналғандығы білініп бозарып кеткен бет-ауызы жылы күнде тобарсып еріндері ісіне бастапты. Сытырлағанға бұрылып еді, келіп тұрған Әлима екен, қолындағы шараны бұған ұсынды, көз жасы мөлт-мөлт етіп тамғалы тұр. Езілген қою құрт екен. Аңқасы кеуіп шөлдеп тұрған бұның жайын келіншек те түсінген болуы керек. Демін алмастан екі-ақ ұрттап бос шараны қайырып берді. Әлима кесені бір шетке қойды. Кететін шығар деп еді, тұрған орнынан тапжылмады. Жоламан жер ошақ секілді қазылған қабірдің астын майдалап болып, жігітті көтеріп әкеліп киімшең шұңқырға түсіріп басын құбылаға қаратып, аяқ-қолын жиып жатқызды. Бетіне топырақ тимесін деп кешеден бері жамылғы болған сырт киіммен бүркеп, қымтады. Қабірден шығарған өз топырағын қолымен тырмалап, бірнеше рет дем алып, мәйіттің жүзін жасырды. Мыңдаған жылдардан бері жан баласы тұрмаған ұлан таудың арасындағы шағын алаңқайға алғашқы адамның – Қайырлының мүрдесі жер қойнына тапсырылды. «Бұл шатқалдың ендігі аты қорқынышты Аюлы емес, Қайырлының шатқалы аталатын болды» деп күбірлеп жүріп топырағын үйді. Айналасындағы шашылған үлкенді-кішілі тастарды домалатып әкеліп шоқылады. Әлима осының бәрін қалт жібермей қарап тұрды. Соңғы тасын қойып, жүрелеп отырып өзі білетін аятын оқыды. Аятын аяқтап, бетін сипап тұра бергені сол еді, аңырай жөнелген Әлима бейіттің шетіне тізерлей кетіп, тастарын айқара құшақтап жоқтауға кірісті. Сүйген жарынан шын айырылғанын оның жүзін топырақ бүркегесін, енді қайтып оралмасына көзі жеткесін ғана іштегі тығылып тұрған дертті босатып ботадай боздады. Қара тасты құшақтап зарлап жатқан келіншектің жоқтауы жан-жүйесін босатқан Жоламан да «Ой бауырымға...» басты. Жоқтай отырып өрімдей боздақтың жанына араша түсе алмай қыршынынан қиылып, қанышерлердің қолынан қапияда қаза болғанын, сол қарақшылардың қолынан өлген әкесі мен шешесін қорғай алмай қалған бар өкінішін сөзбен шығарды.

«Кешіріңдер, кешіріңдерші мені қамқорларым, асқар тауым әке, алтыным анашым, айналайын інім. Сендерге қорған бола алмадым. Кеш болса да сендерді жазықсыз өлтіргендерден кегімді алдым. Бірақ сендер оралмас сапарға кеттіңдер. Інім, сенің де бейкүнә жаныңды азапқа салып қорлаған жауыздардың сазайын тарттырдым, өлтіріп өшінді қайтардым. Сендердің жандарын жаннатта болсын».

Сонау қасіретті күндерден бері ішқұса болып айғайлап, жылап, запыранын сыртқа төге алмай жүр еді, бүгін өзі танымаса да кешелі бері өлі болса да жанына жақын болып кеткен жігіттің бейітінің басында шерін ағытты. Жақындарымен тағдыры бірге таусылған бозбаланың өліміне қатты налыды. Басын көтерсе тас құшақтап жылап жатқан келіншек мұның әңгіме жоқтауын тыңдап қалыпты. Бірақ екеуінің де өксігі басылмаған. Екі бейбақ та бірін-бірі үнсіз түсінген сияқты. Бойын жиып бейітті құшақтап өксігін баса алмай отырған әйелге қарап:

– Қой қарағым, күн еңкейіп барады, баратын жер алыс, жиналайық, – деді. Әлима келіскендей үндемеді. – Жолға шығайық. Мен сені ауылыңа апаруым керек. Шешең де күтіп жүрген шығар. Екі ара біраз қашықтау, – дей беріп еді Әлима кенет жұлып алғандай:

– Бармаймын үйіме. Мені онда күтіп отырған ешкім жоқ. Барсам өлтіріп тынады. Мен сізбен кетем, ертпесеңіз осында тастап кетіңіз, – деп келте қайырды. Әлиманың басынан өткен жағдайға біршама қанық екендігін білетіндіктен көп қуарламады.

– Бұл жер өте қауіпті, сені жалғыз қалдырып құдай алдында күнаһар боларым жоқ. Онсыз да осы күнге дейін жоғалтқаным аз болған жоқ. Үйіңе барғың келмесе онда біздің қонысқа барамыз, ол жерден сені ешкім көрмейді, – деп жүре сөйлеп аттарды әкелуге кетті. Шалғынға тойып жусап тұрған аттардың тартпаларын тартып, қанжығасына бөктеретіндерін мықтап байлап, жетелеп қостың жанына әкелді.

– Жүгінді мынаған жинап салғайсың, – деп аттың біреуінің қанжығасындағы қаптың бірін шешіп қолына ұстатты. Әлима да енді бұл жерде қалудың жөні жоқ екендігіне көзі жеткесін аңшының сөзін екі етпей, қосқа кіріп азын-аулақ ыдыс аяғын, кішірек қазанын, көнегін көтеріп, киімдерін алып шықты. Тірі адам тірлігін істейді деп күбірлеп жүріп ала атқа мінді. Келіншектің буыншақ-түйіншегін бөліп теңдеген қос атты жетелеп қас қарая беткейден төмендей өзінің қонысын бетке алды.

Иесіз жұртта Қайырлының сүйегі жерленген томпайған төмпешік пен аз күнде болса да ғашықтардың махаббат сарайы болған тігулі лашық қалды.

Қайырлының мәйітін әкелген жуас торыға мініп соңынан Әлима еріп келеді. Алда мұның екі күн келмегеніне елегізіп, мазасызданып, сағына күтіп сүйікті Қалишасы мен барғанда базар жасайтын балалары отыр еді. Етенедей жақын болып кеткен екі үйдің мал-жанына бас көз болып отырған досы Жанаманның өзі мен балаларын да сағынғандай асыға тартып келеді. Ұзақ жылдар бойы кеудесін басып тұрған зілмауыр ауыр жүгінен босағандай Жоламан алғаш рет терең бір «Ух, Тәңірім-ай» деп күрсініп, жанын жеген азапты сыртқа шығарып тастады.

Артындағы түнеріп, ұзатып салып тұрғандай Аюлы шатқалына мойын бұрып қарамады, алдыңғы жақтағы қызарып батқан күн сәулесінің жарығы әлі тарамаған ашыққа бет алды.

Молот СОЛТАНАЕВ,
Алматы қаласы.
Қарғалы санаторийі.
25.06.2021 ж.

АЛМАЛЫДА ЖАҢА МЕШІТ АШЫЛДЫ

Елдігімізің, азаматтығымыздың, ауызбіршілігіміз бен имандылығымыздың, бейіл-берекеміздің белгісіндей болып, Алмалы ауылында сәулетті, жаңа мешіт ашылды. 90 жылдардан кейін тәуелсіздік аясында ашылған үш мыңнан астам мешіттің қатарын бүгінгі жаңа мешіт толтырып отыр. «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» деп Абай атамыз айтып кеткендей, біздің ауыл қандай нәубетті басынан өткізсе де, ел басына қандай күн туса да имандылығынан, намазынан ажырамаған ауыл. Он тоғызыншы ғасырдың аяғында Жаркент мешіті ашылып, бүкіл аудан халқы жұма намазына жиналғанда, алыстан атпен барған біздің жерлестеріміз ылғи да кешігіп, сыймай қала беріпті. Сонда атағы алысқа кеткен Атамбайдың ұлы Жолдас қари «Суасқан» жайлауының үстіндегі жазықта мешіт ашып, осы өңірдегі халықты намазға жұмылдырған.

Кеңес үкіметі орнап, солақай саясаттың салдарынан ел арасында дін жоққа шығарылып, тиым салған кездің өзінде де осы ауылдың тұрғыны Өрмеке, Оспанұлы Құрманбек емшілер ауырған-сырқаған адамдарды емдеп, кейде түнде жасырыным барып, қайтыс болған кісінің намазын шығарып, айт күндері үй-үйді аралап құран оқып кетіп тұрған. Сол кездердегі мына бір таңқаларлық оқиғаны еске түсірсек те болады. 60-шы жылдары кеңестік идеология ерекше белең алып, жиын тойларды басқаша тойлау басталғанда, «Красный Восток» колхозының егіс даласында еңбек етіп жүрген сушы Тулақбайұлы Мұстапа егін жайдың басында отырып мұңая: «Өкіметтің дінге қарсы бағыты мынау, жастардың ұстаған жолы анау, ертең біз өмірден өтсек, намазымызды шығаратын адам болмай қала ма деп уайымдаймын» дегенде тыңдап отырған серіктесі Манапұлы Дәуен: (Сол кезде отыздан жаңа асқан кезі екен) «Қария,

уайымдамаңыз, жаназаңызды ол кезде басқа адам болмаса мен шығарамын» депті. Сонда Мұстапа қария: «Көзім көріп, көңілім риза болып жүрсін, осы қазір намазымды шығаршы» деп егін басында шапанын шешіп, ұзынынан жатыпты да намазын шығартыпты. Құран сүрелерін білетіндігін, жаназа шығару жолдарын игергендігіне көзі жеткен Мұстапа қария ризашылығын білдіріп батасын берген екен. Сондай қиын кезеңдерге қарамастан ағайынды Қызқуар, Әутақын Темірбековтер, Мұқаш, Әлен Үркімбаевтар, Қасен молда, Әкелі-балалы Сейітқазы мен Нұрдәулет молда, Якия молда, кеше ғана дүниеден өткен Нұрмұхамет мәзим, өзіміздің замандасымыз Ғалым мен Есен молда ауылымыздағы мешіттің азанын үзбей, бүгінгі күнге жеткізді.

Ауыз толтырып айтарлықтай ақсақалдық іс жасаған Нұрдәулет Сейітқазыұлының азаматтығын еске алғымыз келеді. 90-жылдардағы тоқырау кезеңінің өзінде бала-шағасына арнап салған үйді мешітке берді. Мешітте ауыл адамдары қауымдасып, бас қосып, елді имандылыққа шақыру жұмысын жүргізді. Ауыл балаларының басын қосып, құран жаттатып, діни білім берді. Бүгінгі ашылып отырған жаңа мешіттің имамы Дидар Мұратұлының да ең алғашқы діни білім берген ұстазы сол Нұрдәулет имам.

Жаңа мешіттің ашылу салтанатына алыс-жақыннан қонақтар көп жиналды. Жиналған жұрттың жүзінен қуаныш пен мақтаныш сезімі біліну тұрды. Алғашқы болып мінбеге көтерілген ауданның бас имамы Серік Шәріп мешіттің ашылу құрметіне арнап құран оқыды. Келесі сөзге шыққан Талдықорған қалалық Жетісу мешітінің бас имамы Жұмағалиев Болат «елдің берекесі басқа біткен бақ» дей келе, ауыл ортасында мешіттің тұруының өзі ауыл азаматтарына деген құрметті оятатынына тоқталды. Алматы облысының наиб имамы Дәуітов Керімбек Сәрсекбайұлы Алмалы ауылы мешітінің облыста 204-ші болып тіркелгендігін айта келе, мешіт ендігі күнде рухани білім алу орталығына айналу керек екендігін айтып, мешітке баспадан жаңа шыққан құран кітабын табыс етті.

Аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы Илипов Марат Тайлақұлы сөз кезегінде бүгінгі игілікті шараны жасаушыларға рахмет айта келіп, аудан әкімі Талғат Өміралиевтің «Алғыс хатын» жаңа мешіттің имамы Дидар Тоқсановқа табыстады. Мухамет қажы, Әдік қажы, Әбдіқадыр, Тұрсын сияқты ауыл ақсақалдары, аудандық ақсақалдар кеңесінің төрағасы Тоқтарбай Әкімұлы, Алматы қаласынан келген, мешіт құрлысына демеу көрсетушінің бірі имам Медетбеков Құндызбектер сөз алды. Сөйлеуші ақсақалдар шынайы көңілмен мешіт құрлысына атсалысқан азаматтарға алғыстарын айтып, баталарын берді.

Келесі сөз алған ауыл әкімі Хамза Насырбеков екі жыл бойы мешіттің құрылысына үздіксіз еңбек етіп, өз үлестерін

қосқан азаматтарға: Ибрагимов Нұрлан, Шалдибеков Бауыржан, Бөртаев Қайрат, Шүмекбаев Қуандық, Байымбетов Серік, Қалиев Әділхан, Төлеңгітов Бақытжан, Құткелдиев Нұргелді, Еңсебаев Тілеуғабыл, Әбділда Оқас, Қалиев Акат, Ахметзәми Ережептерге «Алғыс хат» берді.

Кәсіпкер, аудандық мәслихаттың депутаты Руслан Тулақбаевқа сөз кезегі тигенде, Алмалы ауылында жаңа мешіттің салынуына ұйытқы болған, осы ауылдың түлегі, Алматы қаласындағы «Нұр-Мүбәрәк» университетін бітірген Дидар сияқты азаматты тәрбиелеген Мұрат Күленбекұлы мен анасы Сәлима Сайлаубекқызына алғыс білдіре отырып, отбасына ат мінгізді. Сол мезетте, «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» дегендей ауданның бас имамы Серік Шәріп Руслан мырзаның осы мешіттің құрлысына 77 бас қой бергенін және осы мешіттің халыққа кедергісіз қызмет етуі үшін имамның бір жылдық айлығын (750 мың теңге) өз қаржысынан жалақы ретінде беретіндігін айтты. Сол сияқты ел игілігіне қызмет етіп жүрген Сәбит мырза да мешіттің қыстағы жылуын қамтамасыз ету үшін 30 т. көмір түсіріп беретіндігін айтты. Мешіттің құрылысына ат салысқан азаматтарға алғыстарын білдіріп, шашу ретінде шараға қожалығының басшылары Сағатбек Қызқуарұлы 200 мың, Рыскелді Сағатұлы 100 мың теңге атады. Осы жолдардың авторы, мен ауыл өміріндегі тұрмысымыздың дінімізбен сабақтастығы туралы айта келе, ел басына қандай күн туса да, айнымай ата-баба аманатын арқалап осы күнге жеткізген, кезінде имам болған азаматтарға ризашылығымды білдіріп, аты-жөндерін атап өттім.

Дидар имам сөз алғанда садақаның екі түрге бөлінетіндігін, құпия садақа және жария садақа: ол осындай мешіт салу, көпір салу т.б. түрлерін қамтитындығын айтты. Халықтан жиналған 34 млн қаржының мешіт құрылысына жетпейтіндігін естіген басқа ауылдың, мекеменің иманды азаматтары өздерінің аты-жөндерін жарияламауды өтініп, осындай игілікті шараға демеуші болды. Олар жаңа мешіттің барлық терезелерін өз есебінен салып берген Рустам, мешіттің құрлысына кеткен 84 мың кірпішті көтеріп алған Береке, мешіттің табанына төселген 70 машина шағыл мен құрылыс жұмыстарына кеткен құм мен тасты жеткізген Сәбит, сол сияқты мешіт ғимаратының бүкіл электр жүйесін орнатып берген «Қорғас - Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағының басқару компаниясы» акционерлік қоғамының бас инженері Досанұлы Жанат, Нұрдәулет қажының баласы Талғат мырзаларға алғыс айтып, шапан жапты.

Алмалы мешіті халықтың ынта-ықыласымен жиналған қаржыға тұрғызылғандығы белгілі. Алғаш құрылыс жұмыстары басталаған кезде ел ішінен ақылдастар алқасы құрылған болатын, Олар: ауылдағы орта жастағы азаматтардың арасынан ауыл ағасы болып сайланған Нұралиев Бақытжан Әбдімәуілұлы, қамал бұзар қырықтағы жігіттердің арасынан сайланған жігіт ағасы Шаңбаев Данияр Тоқтарбайұлы ортаға шығып өздерін жұмыс барысында қолдаған ауыл халқына, жастарға рахмет айтып, алғыс білдірді. Осы сәтте Ақан Бакбергенұлы мешіт құрылысына атсалысқан ауыл халқына рахмет айта келе, өздерінің Дидардай сыныптасы бар екендігіне мақтанатындықтарын, сондықтан да 1986 жылы туылған құрдастарының атынан иығына шапан жауып, ер тұрманы сайланған сәйгүлік мінгізді. Халық құрметіне бөленген жаңа мешіттің салынуының бар ауыртпалығын көтерген Дидар атқа қонғанда үстіне киген шапаны мен көкпаршының бас киімі, саптама етігі өңбойына жарасып тұрды. Халықтың көңілінен шыққан ұлына деген ыстық ықыласы осы шығар. Салтанатты шараның барысы ән-жырмен көркемделіп отырды. Мешіттің ашылу салтанатының соңы жаңа ғимараттың лентасының қиылып, шашу шашумен ұласып, құран оқылып, ас берумен аяқталды.

Қазақстан Республикасының тәуелсіздігінің 30 жылдығы мерекесі қарсаңында

ауыл ортасынан заманауи үлгіде салынған жаңа мешітке риза болдық. Ата-бабаларымыз ұстанып келе жатқан дінімізге дақ түсірмей, әртүрлі ағымдардың жетегінде кетпей, жастарымызды имандылыққа тәрбиелеп, адамгершілік жолында қызмет етеді деген сенімдеміз.

Нұрсағат АЛИБАЕВ,
Елтінді батыр атындағы орта мектептің директоры. Алмалы ауылы.

БАСПАСӨЗ – 2022

Құрметті «Жаркент айнасы» газетінің оқырмандары! Алдағы 2022 жылға газетке жазылу маусымы басталды. Газетімізге жазылып, ерлікке толы еліміз бен жазиралы жеріміздің, өңірімізден өткен бақадүр батырлар мен от ауызды билердің, орақ тілді ақындардың, елге билік жүргізген болыстардың, өмірі өнегеге толы өнер адамдары мен өлкемізден шыққан даңқты тұлғалардың тарихынан хабардар боласыз. Газетімізде Сіз үшін құнды, тың мақалалар жариялауға тырысып келеміз.

Жазылу «Қазпоштаның» барлық бөлімшесінде жүргізіледі. 1 жылға жазылу бағасы 3210 теңге. Индексі – 65161.

Біз сізден қолдау күтеміз, ойлы оқырман! Ұрпағымыз өзінің шынайы тарихын біліп, ұлықты болып өссін. «Жаркент айнасы» – Жаркенттік рухты жандардың газеті.

«ЖАРКЕНТ АЙНАСЫ» ГАЗЕТІ
Меншік иесі: **«БАҚ» ЖК**
Директор – **Дархан БЕЙСЕНБЕК**
Бас редактор – **Молот СОЛТАНАЕВ**
Бас редактордың орынбасары – **Қали ИБРАЙЫМЖАНОВ**
Дизайнер – **Әділет МҰСАХАЕВ**

Газеттің эл.почтасы:
jar-aina@mail.ru

➢Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 13.09.2018 ж. тіркеліп, №17270-Г куәлігі берілген.
➢Газет «Жаркент айнасы» компьютер орталығында теріліп, беттелді.
➢Газет индексі - 65161
Автордың материалдары редакцияның көзқарасын білдірмейді.
➢Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.
➢Газет Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр кентіндегі «Принт плюс» баспаханасында басылды. Офсеттік басылым.
➢Нөмірдің таралымы: 1000 дана

Мекен-жайымыз:
Алматы облысы,
Жаркент қаласы,
Е.Сыпатаев көшесі,
242 үй, 14 пәтер
Тел.: 8/705/412-78-48;
8/705/277-16-91;
8/777/971-57-67
Газет екі аптада бір жарыққа шығады.
Тапсырыс: №8023